

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:

# ОТАНҒА ҚЫЗМЕТ ҚАРАПАЙЫМ ДҮНИЕЛЕРДЕН БАСТАЛАДЫ

Сарқылмасын Сыр - Ана!



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

WWW.Qaa.kz

qaa.kz

Ақжәшіт Ақшамы Газеті

Наурыз айында өткен республикалық референдумда жаңа Конституциямызды қабылдадық. Осылайша, ел тарихының жаңа парағын аштық. Біздің түпкі мақсатымыз – «Заң мен тәртіп» қағидаты берік орныққан қауіпсіз және әділетті қоғам құру. Жас ұрпаққа, яғни сіздерге өркениетті, беделді, дамыған мемлекетті аманат етіп қалдыру. Осы жолда бәріміз табанды еңбек етуіміз керек. Ал Отанға қызмет қарапайым дүниелерден басталады. Тал егу, айналанды таза ұстау арқылы елге пайдалы болуға, яғни ұлтқа қызмет етуге болады. Мен жастардың, өріктеріңді елімізді көркейтуге қосқан орасан зор үлесін жоғары бағалаймын. Адал еңбектеріңді ерекше құрметке лайық деп санаймын. Тазалық – ең алдымен, ішкі мәдениеттің өлшемі. Ой-ниеті және ары таза адам ешкімге ешқашан қиянат жасамайды, ондай адам елін де сатпайды. Тәртіпке бағынып, тұзу жолдан да адаспайды. Айналасына қамқор, жақындарына жанашыр болады. Елдің көшін алға бастап, ұлт сапасын жақсартуға атсалысады. Мен бөріңізді дәл осындай азамат деп есептеймін.

(“Таза Қазақстан” республикалық экологиялық акциясында сөйлеген сөзінен)

8-бетте

## ҚЫЗЫЛОРДА ҚҰАТЫ АРТАДЫ

Қызылорда қаласында заманауи үлгіде жабдықталған жаңа жылу электр орталығы (ЖЭО) іске қосылып, өңірдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында маңызды қадам жасалды. Бұл жоба аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін беретін стратегиялық нысан ретінде бағалануда.

### МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ МЕНЗЕГЕН МАҢЫЗДЫ ЖОБА

Сыр шаһарында өткен Ұлттық Құрылтайдың V отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылорда қаласының даму қарқынына тоқталып, жаңа ЖЭО-ның іске қосылуын ерекше маңызға ие бастама ретінде бағалаған болатын. Президент бұл нысанның толықтай инвестор қаржысы есебінен салынғанын атап өтіп, оның өңірдің энергетикалық тәуелсіздігін нығайтудағы рөлін ерекше жеткізді.

Қызылордада бұған дейін 1964 жылы пайдалануға берілген ескі жылу электр орталығы жұмыс істеп келген еді. Оның қуаты небәрі 67 мегаватт болып, облыстың электр энергиясына деген сұранысының шамамен 30 пайызын ғана қамтамасыз ететін. Халық санының артуы мен өндірістің кеңейіп энергия тапшылығын айқын көрсетіп, сыртқы көздерге тәуелділікті күшейткен болатын.

Осы мәселені шешу мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмасымен жаңа ЖЭО құрылысы қолға алынып, жоба түрік

компаниясы AksaEnergy тарапынан толық инвестиция есебінен жүзеге асырылды. Жобаның жалпы құны – 215 млрд. теңгені құрайды.

### ЖЭО – ТИМДІ ӨНДІРІС КЕПІЛІ

Жаңа орталық әлемдік деңгейдегі жетекші өндірушілердің құрылғыларымен жабдықталған. Атап айтқанда, GeneralElectric газ турбиналары, DoosanŠkodaPower бу турбиналары, AC Boilers бу қазандықтары мен Mimsan су жылыту қазандықтары орнатылған. Бұл технологиялар энергия өндіру тиімділігін арттырып қана қоймай, экологиялық талаптарға толық сай келеді.



### Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:

Соңғы жылдары Қызылорда заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр. Былтыр аймақтың ішкі жалпы өнімі 6,5 пайызға өсті. Үш жылда облысқа 2 триллион теңгеге жуық инвестиция тартылды. Былтыр 27 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Соның ішінде жаңа жылу электр орталығы іске қосылғанын ерекше атап өткен жөн. Стратегиялық маңызы бар бұл нысан толығымен инвестордың қаржысына салынды. Жылу орталығы аймақтың энергетикалық қауіпсіздігін нығайта түседі. Облыс тұрғындары сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілді. Халықтың 80 пайызы көгілдір отынды пайдаланады. Елді-мекендерге газ құбырын тарту жұмысы алдағы уақытта жалғаса береді. (Ұлттық Құрылтайдың бесінші отырысында сөйлеген сөзінен)

Қазіргі таңда станция 176 мегаватт электр энергиясын өндіруде. Алдағы уақытта қосымша 95 мегаватттық бу-газ турбинасы іске қосылып, толық қуатына шығарылады.

### ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІККЕ НАҚТЫ ҚАДАМ

Бүгінде Қызылорда қаласы мен облыстың электр энергиясын тұтыну

көлемі шамамен 220 мегаватт құрайды. Жаңа ЖЭО толық қуатта жұмыс істеген жағдайда өңір өзін электр энергиясымен толық қамтамасыз етіп қана қоймай, артық энергияны өзге аймақтарға экспорттау мүмкіндігіне ие болады.

Сонымен қатар нысанның бірқатар артықшылықтары бар. Атап өтсек, газ шығынын 50%-ға дейін азайту, энергияның өзіндік құнын төмендету және жүктемені 20 минут ішінде 50-ден 240 МВт-қа дейін өзгерту мүмкіндігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар жоғары температуралы жылу өндіру, автономды режимде жұмыс істеу қабілеті мен жаңа жұмыс орындары ашу мүмкіндігі жоғары.

Қазіргі таңда жаңа ЖЭО-да 400-ге жуық адам еңбек етуде. Олардың қатарында жергілікті мамандармен бірге шетелдік инженерлер де бар. Бұл

тек энергетика саласына ғана емес, өңірдің еңбек нарығына да оң әсерін тигізуде.

Мамандар пікіріне сәйкес, жобаның іске қосылуы Қызылорда қаласында жаңа өндіріс орындарының ашылуына, шағын және орта бизнестің дамуына, жаңа жұмыс орындарының құрылуына, халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына кең мүмкіндік беріп отыр.

Қорыта айтқанда, Қызылордадағы жаңа жылу электр орталығы – тек энергетикалық нысан емес, өңірдің индустриялық дамуын айқындайтын стратегиялық жоба болып саналады. Стратегиялық нысан Қызылорданың энергетикалық тәуелсіздігін нығайтып қана қоймай, болашақ экономикалық өсімін бірік негізін қалыптастырады деп күтілуде.

Е.ТАҒЫБЕРГЕНҰЛЫ

## ҚЫЗЫЛОРДА МӘДЕНИЕТІНІҢ МЕРЕЙІ

Соңғы жылдары Қызылорда қаласы мәдениет пен руханияттың жаңа даму кезеңіне қадам басты. Соның айғағындай, Сыр шаһарында мәдени инфрақұрылымдарды жаңғырту, жаңа нысандар салу және ұлттық құндылықтарды дәріптеу бағытында жүйелі жұмыстар қарқын алып келеді.

### ТЕАТР ӨНЕРІНІҢ ЖАҢА САБАҚТАСТЫҒЫ

Жыл басында Сыр өңірінде өткен Ұлттық Құрылтай барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өңірде заманауи кітапхана мен жаңа драма театр салу мәселесін көтерген болатын. Бұл бастамалар қала жұртшылығы тарапынан зор қолдау тауып, аймақтың рухани өміріне тың серпін беретін маңызды жобалар ретінде бағаланды.

Бүгінде Президент тапсырмасына сәйкес Қызылорда қаласында қос бірдей ірі мәдени нысанның құрылысы басталды. Соның бірі – жаңа академиялық музыкалық-драма театры құрылысы айрықша маңызға ие. Өнер ордасының іргетасы қаладағы Президент саябағы аумағында бой көтеруде. Жалпы



### КІТАП ОҚУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Қаладағы тағы бір ауқымды жоба – заманауи үлгідегі жаңа кітапхана құрылысының да мәні жоғары. Бұл нысан тек кітап сақтайтын орын емес, көпфункционалды зияткерлік орталық ретінде жобаланып отыр. Жалпы аумағы 13 мың шаршы метрді құрайтын ғимаратта миллионнан астам кітап

қоры жинақталып, жыл сайын 300 мыңға жуық оқырманға қызмет көрсету жоспарлануда.

Жобаға сәйкес жаңа кітапханада ашық оқу залдары, медиа-зертхана, подкаст студиясы, цифрлық ресурстармен жұмыс істеуге арналған кеңістіктер қарастырылады. Бұл – дәстүрлі кітап мәдениеті мен заманауи технологиялардың тоғысқан ортасына айналады.

Айта кету керек Қызылорда қаласында кітапхана саласы да қарқынды дамып келеді. Соңғы жылдары кітапханаларда коворкинг орталықтары ашылып, жастардың білім алуына және шығармашылықпен айналысуына жағдай жасалуда.

Сонымен қатар мәдени инфрақұрылымды дамыту бағытында қалада жаңа нысандар бой көтеруде. «Руханият» орталықтары, мәдениет үйлері, сондай-ақ заманауи тарихи-өлкетану музейі халық игілігіне берілді. Бұл бастамалар Қызылорданың мәдени келбетін жаңғыртып, тұрғындардың рухани сұранысын қанағаттандыруға жол ашады деген жоспар бар.

Бүгінде қалада мәдениет саласы мамандарының кәсіби деңгейін арттыруға да ерекше көңіл бөлініп отыр. Соның нәтижесінде жастар театры, инклюзивті шығармашылық ұжымдар құрылып, жемісті жұмыс жасап келеді.

Жалпы Қызылорда қаласы бүгінде руханият пен мәдениеттің ірі орталығына айнала бастады. Жаңадан салынып жатқан театр мен заманауи кітапхана – осы бағыттағы нақты қадамдардың айқын көрінісі деуге болады. Бұл нысандар алдағы уақытта Сыр елінің зияткерлік әлеуетін арттырып, ұлттық мәдениеттің дамуына жаңа серпін беретініне сенім зор.

Е. ЖАЛҒАСБАЕВ

## ЧЕРНОБЫЛЬ АПАТЫ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛДЫҚ

Қызылорда қаласында Чернобыль апаты құрбандарын еске алуға арналған тағалымды шара өтті.

Шарада апат салдарын жоюға қатысқан азаматтардың ерлігі аталып, қатысушылар боздақтарды бір минут үнсіздікпен еске алды. Қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Қаюпов пен облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Жұмабек Әлиев сөз сөйлеп, олардың ел алдындағы еңбегіне құрмет білдірді. Қалалық «Чернобыль» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Жұмабек Шахатов ардагерлерге ізгі лебізін білдірді. Сондай-ақ, жиынға қала әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов, Чернобыль ардагерлері қатысып, тағзым білдірді. Рухтарына арнап құран бағышталып, гүл шоқтары қойылды.

Бұл шара – ерлікті ұлықтап, кейінгі ұрпаққа өнеге берудің айқын көрінісі.



## СУДЫ ҮНЕМДЕУГЕ ҮНДЕДІ

Қызылорда қаласында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған ауқымды бастамалардың бірі – “Суды үнемде - болашақты сақта!” идеясымен үндескен плагинг акциясы ұйымдастырылды.

Аталған шара “Таза Қазақстан” тұжырымдамасы, “Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасы, сондай-ақ “Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік” бағыты мен “Су және білім” жобасының мазмұндық негізінде жүзеге асырылды.

Экологиялық акцияға қала мектептерінің белсенді оқушылары, ұстаздары мен ата-аналар қауымы бір кісідей атсалысты. Атап айтқанда, №211, №222, №189 және №297 білім ордаларының өкілдері ортақ мақсат жолында бірігіп, өзен жағалауын тазарту жұмыстарына жұмылды.

Жалпы қатысушылар саны 130-дан асты. Олардың басым бөлігін оқушылар құрап, ұстаздар мен ата-аналар да бұл бастамаға қолдау көрсетті. Ұйымшыл еңбектің нәтижесінде қысқа уақыт ішінде айтарлықтай көлемде тұрмыстық қалдықтар жиналып, табиғатқа келтірілген зиянды алдын алуға нақты үлес қосылды. Жалпы жиналған қалдық көлемі 900 келіден асты.

Айта кету керек, аталған плагингке су саласының білікті мамандары арнайы қатысып, оқушылармен бірге табиғатты қорғау ісіне үлес қосты.

Бұл бастама халықаралық және республикалық деңгейдегі серіктестердің қолдауымен жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, Францияның Даму жөніндегі агенттігі (AFD), UNICEF Kazakhstan және “Су ресурстары ақпараттық-талдау орталығы” қаржылық қолдау көрсетіп, ал Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрілігі, Оқу-ағарту министрлігі, Аралды құтқару халықаралық қорының Атқарушы комитеті мен Қызылорда облысы әкімдігі бірлесіп іске асыруда.

## КӘСІПКЕРЛЕР НАЗАРЫНА!

«Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы» Микроқаржылық ұйымы» ЖШС-і Қызылорда облысындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мақсатында өңдеу және өнеркәсіп бағдарламасы бойынша өтінімдер қабылдау жалғасын жатқанын хабарлайды. **ӨТІМНІҢ МАҚСАТЫ:**

Негізгі құралдарды сатып алу, өндірістік объектілердің құрылысы және оларды қайта жаңғырту, айналым қаражатын толықтыру (қарыз алушының бір жобасы шеңберінде қаржыландыру сомасының 30 пайызынан аспауы тиіс).

### ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ШАРТТАРЫ:

- 1) Ең жоғарғы сомасы – 20 000 АЕК (86,5 млн.теңге);
- 2) Несие мерзімі – 60 айға дейін;
- 3) Пайыздық мөлшерлемесі – жылдық 6 %;
- 4) Жеңілдік мерзімі – 12 айға дейін.

### БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕТІН САЛАЛАР:

Жеңіл өнеркәсіп (киім-кешек, мата, аяқкиім, тері өңдеу және тері бұйымдарын жасау т.б.);

Тұрмыстық химия өнімдері (кір жуу ұнтақтары, кірсабын, антисептиктер, антибактериалды сұйықтықтар т.б.);

Темір және құрылыс материалдары өндірісі (қыштар, блоктар, бетон және темір-бетон бұйымдары, құбырлар, дөңкерлеу бұйымдары т.б.);

Ағаш өнімдері және жиһаз өндірісі (ағаш өңдеу материалдары, жиһаздар, баспалдақтар, есіктерт.б.);

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу (ет, сүт, ұн, балық, көкөніс-бақша, күсенімдеріт.б.);

Басқа да өндіріс түрлері (пластмасса, қағаз, өйнек, резеңке өнімдері, мектеп жиһаздары, брусчаткалар т.б.).

Несие алуға қызығушылық білдірген кәсіпкерлер жергілікті тұратын мекен – жайларыңыз бойынша аудандық және қалалық кәсіпкерлік бөлімдеріне өтінім білдіре аласыздар немесе Қызылорда қаласы, Мүсірәлі Әжіқожа көшесі, 10 ғимарат, 2-қабат мекен-жайы бойынша толық ақпарат алуға болады.

Байланыс нөмірі: Қызылорда қаласы мен Қызылорда қаласының ауылдық округтері бойынша + 7 776 076 11 98, Арал және Сырдария ауданы бойынша + 7 707 171 86 60, Қазалы ауданы бойынша + 7 705 377 70 97,

Қармақшы және Жалағаш ауданы бойынша + 7 705 177 47 30,

Шиелі және Жаңақорған ауданы бойынша +7 705 729 72 03.

## ЖҰМЫСҚА ТҰРУ ЖӘРМӨҢКЕСІ

«ENBEK HUB - QYZYLORDA» өңіраралық бос жұмыс орындары және «Жергілікті кәсіпкерлердің дайын өнімдері» жәрмеңкесі өтті.

Қызылорда қаласында Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қостанай, Абай және Ұлытау облыстарының делегациясы мен жергілікті жұмыс берушілердің қатысуымен өткен

**ENBEK HUB-QYZYLORDA**  
Өңіраралық бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне шақырамыз!

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ, ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ, ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ, ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ, ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ, АБАЙ ОБЛЫСЫ ЖӘНЕ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН ӨТЕТІН БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ЖӘРМӨҢКЕСІ:

**ҚАТЫСУШЫ ӨҢІРЛЕР:**

- АБАЙ ОБЛЫСЫ
- ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ
- ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ
- СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
- ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ
- ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

**+10 мың**  
Бос орын

Н.НАЗАРБАЕВ ДАҒҒЫЛЫ, 16

«ENBEK HUB - QYZYLORDA» өңіраралық бос жұмыс орындары және «Жергілікті кәсіпкерлердің дайын өнімдері» жәрмеңкесінде Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қостанай, Абай және Ұлытау облыстарынан білім беру, денсаулық сақтау, медицина, құрылыс, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және өзге де салалар бойынша барлығы 9 984 бос жұмыс орны ұсынылды.

Сонымен қатар жергілікті жұмыс берушілер тарапынан 318 бос жұмыс орны қолжетімді болды. Жалпы жәрмеңке аясында 10 302 бос жұмыс орны болды.

Биылғы жылдың сәуірінің 29-ында сағат 11-ден бастап Қызылорда қаласы «Сыр болашағы» құзыреттілік орталығында өткен бұл жәрмеңке жұмыс іздегендерге таптырмас алаң ретінде, үлкен мүмкіндік жасады.

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНДА СЕМИНАР ӨТКІЗІЛДІ

Қызылорда облыстық сотында мемлекеттік қызметшілерге арналған семинар сабағы өткізілді. Семинарға Сот Әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша Департаменті басшысының міндетін атқарушы Е.Берібаев, бөлім басшылары мен мамандары, аудандық және оған тенестірілген соттардың әкімшісі басшылары мен мамандары қатысты.

Персоналды басқару бөлімінің бас маманы К.Ерманова мемлекеттік қызметті жетілдіру және мемлекеттік қызметшілердің білімін көтеру бойынша баяндама жасады. Персоналды басқару бөлімінің бас маманы Б.Қаныбегова мемлекеттік қызметшілер әдеп нормаларын ұстанып, заң талаптарын бұзуға жол бермей, қоғам тарапынан сын туындайтын әрекеттерден аулақ болу керектігі жөнінде айтып өтті.

Сот Әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінің ішкі қауіпсіздік бөлімінің сот приставы Ж.Қоңырбаев өз баяндамасында мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтау, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелеріне тоқталды.

\*\*\*

Қызылорда облыстық сотында «Қылмыстық құқық және процесс» секциясы бойынша семинар өткізілді. Семинарға қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Ж.Бекжанов, облыстық соттың судьялары, қалалық соттардың төрағалары мен судьялары, аудандық соттардың төрағалары мен судьялары бейнебайланыс арқылы қатысты.

Семинарды алқа төрағасы Ж.Бекжанов ашып, қатысушыларды күн тәртібімен таныстырып, көтеріліп отырған мәселелердің маңыздылығына тоқталды.

Қызылорда қаласының №2 сотының судьясы Т.Темірбаев есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу бойынша қылмыстық істерді қарау кезіндегі сот практикасына тоқталып, бірқатар мәселелерді атап өтті.

Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы А.Аблаева есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді медициналық емес мақсатта тұтыну фактісі бойынша жаза тағайындау практикасына тоқталды.

Арал аудандық сотының судьясы А.Асанхан Қазақстан Республикасы заңнамасының алкоголь өнімін өткізу жөніндегі талаптарын бұзу фактілері бойынша баяндама жасады.

Семинар соңында қатысушылар өзара пікір алмасты.

## ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ СОТ ӘДЕБІНЕ АРНАЛДЫ

Қызылорда облысы соттарының Судья әдеби жөніндегі комиссиясының ұйымдастыруымен «Судья әдеби кодексінің сот төрелігін жүзеге асырудағы рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелге облыстық соттың судьялары, аудандық және оларға тенестірілген соттардың төрағалары мен судьялары қатысты, аудандық соттардың төрағалары мен судьялары бейнебайланыс жүйесі арқылы қатысты.

Судья әдеби жөніндегі комиссияның төрағасы М.Тоғызбаева жиынды ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып, өз сөзінде судья әдеби нормаларын сақтау мен сот төрелігін жүзеге асырудағы әдептің маңызына ерекше тоқталды.

Дөңгелек үстел барысында Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы А.Сәрсенбаев, Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы А.Аблаева баяндама жасап, судьялардың әдеп нормаларын сақтау мәселелерімен бөлісті.

Дөңгелек үстел барысында қатысушылар өзара пікір алмасып, ұсыныстарын білдірді.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

## СУҒА ШОМЫЛУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК - ӨМІР КЕПІЛІ

Жаз мезгілінің келуімен бірге тұрғындардың су айдындарына барып, демалуы жиілейді. Алайда судағы демалыс қауіпсіздік ережелері сақталмаған жағдайда қайғылы жағдайларға әкелуі мүмкін. Сондықтан суға шомылу маусымында әрбір азамат қауіпсіздік талаптарын қатаң ұстануы тиіс.

Статистикаға сүйенсек қайғылы оқиғалардың негізгі себептері – рұқсат етілмеген жерлерде шомылу, мас күйінде суға түсу, балаларды қараусыз қалдыру және қауіпсіздік ережелерін елемей болып табылады. Әсіресе, ағыс қатты, түбі белгісіз немесе тереңдігі күрт өзгеретін су айдындары аса қауіпті.

Суға тек арнайы жабдықталған жағажайларда шомылу ұсынылады. Мұндай орындарда құтқарушылар кезекшілік етеді, алғашқы медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік бар. Ал жабдықталмаған жерлерде су түбінде тас, өйнек немесе басқа да қауіпті заттар болуы мүмкін.

Балалардың қауіпсіздігі ерекше назарды қажет етеді. Ата-аналар балаларын қараусыз қалдырмай, олардың судағы әрекеттерін үнемі бақылауы тиіс. Сонымен қатар балаларға жүзуді үйрету және қауіпсіздік ережелерін түсіндіру маңызды.

Құтқару қызметтері тарапынан профилактикалық іс-шаралар тұрақты түрде жүргізілуде. Тұрғындарға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, жағажайларда қауіпсіздік белгілері орнатылуда. Дегенмен, әр адамның жеке жауапкершілігі – басты фактор.

Суда қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау арқылы көптеген қайғылы жағдайлардың алдын алуға болады. Өз өміріңіз бен жақындарыңыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – әр азаматтың міндеті. Төтенше жағдай кезінде 112 нөміріне хабар беріңіз!

Есте сақтаңыз: қауіпсіздік – өмір кепілі!

**ЕСЕНГЕЛДИЕВ Е. Т.**  
Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері  
азаматтық қорғау лейтенанты

## ОРМАН-ТОҒАЙ ӨРТТЕРІН БОЛДЫРМАЙЫҚ

Көктем, жаз, күз мезгілдерінде өрт қаупі көбейсе түседі. Осы уақыттарда орман қоры жерлеріндегі орманды алқаптарды өрттен қорғауға тура келеді. «Қармақшы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-нің жалпы орман қоры жері 435308 гектар жерді құрайды. Оның 288655 гектары орманды алқабы. Өрт қаупі бар осы маусымда орманды алқаптарды өрттен сақтау үшін жүйелі жұмыстар жүргізіліп отырады. Негізгі орман өрті сыртқы себептердің салдарынан туындайды. Толық сөндірілмеген темекі қалдықтарынан, табиғат аясында демалған жағдайда өртке мұқияттық танытылмайтын кездер өртке себеп болады. Мұндай жағдайлар өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтамағандықтан шығады. Әрине қасақана өрт жасалмайды. Өрт қауіпті маусымдарда сыртта отырған мал бағушылар, егін егетін шаруа қожалықтары, табиғат аясында демалушылар осы өрттен сақтау ережелеріне мұқият болса. Мекеме орман күзеті қызметкерлері мен мекеме өрт сөндірушілері аудан көлеміндегі мекемелер мен жеке кәсіпкерлер арасында лекциялар жүргізіп, орман қоры жерлерін бірлесіп отырып қорғауға шақырып келеміз.

Биылғы жылы да осы орман өртінің алдын алу және оны болдырмау мақсатында іс-шара, іс-қимыл, іс-шаралар жасалып ауылдық округтердің әкімдіктеріне ескерту хаттар таратылды. Өр аудан тұрғындары осындай ескертулерге байыппен қарап, бәріміз болып орманды алқаптарды тілсіз жау өрттен қорғауға атсалысып отырайық. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Әкімшілік Құқық Бұзушылық туралы Кодексінің 367 бабының 1 тармағына сәйкес Ормандарда өрт қауіпсіздігі талаптары мен санитариялық қағидаларды бұзу-жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз елу айлық есептік мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғатынын ескертеміз.

«Қармақшы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-сі.

## ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР ЖӘНЕ ҚАЛА ҚОНАҚТАРЫ!

**1 МАМЫР**  
ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

**"БІРЛІК, ДОСТЫҚ, БЕРЕКЕ."**  
МӘДЕНИ-КӨПШІЛІК ШАРА

1 мамыр, 2026 жыл | 10.00

Президент паркі

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған мерекелік шараға шақырамыз!

Өтетін орны: Президент паркі

Күні: 1 мамыр

Уақыты: 10:00

Мерекелік шарада: концерттік бағдарламалар, ұлттар достығы мен өнерін дәріптейтін көріністер, тағылымды көрмелер көтеріңкі көңіл-күй мен ерекше атмосфера.

Бұл күн – татулық пен бірліктің, достық пен сыйлас-тықтың мерекесі. Баршаңызды ортақ қуанышқа бірге бөленіп, мерекелік көңіл күйді бірге сезінуге шақырамыз!

## 1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІНЕ ОРАЙ ӨТЕТІН ІС-ШАРАЛАР ТІЗБЕГІ

№	Іс-шара атауы мен өтетін орны, қатысушылар саны	Өтетін уақыты	Өтетін орны
1	«Бірлік, Достық, Береке» атты мәдени-көпшілік шара	1 мамыр сағат 10:00	Президент саябағы
2	«Қазақстан – достық мекені» атты мерекелік концерт	30 сәуір сағат 12:00	Өнер орталығы
3	Қалалық мәдени-демалыс паркінің маусымдық ашылу рәсімі	1 мамыр сағат 18:00	Қалалық мәдени-демалыс паркі
4	«Достығымыз жарасқан» атты үйірме мүшелерінің концерті	29 сәуір сағат 11:00	Ақсуат мәдениет Үйі
5	«Қазақстан – достықтың берік тұғыры» атты мерекелік концерт	29 сәуір сағат 10:00	Қызылжарма мәдениет Үйі
6	«Бейбітшілік – ел тілегі» атты концерттік бағдарлама	30 сәуір сағат 11:00	№ 189 орта мектеп, Белкөл кенті
7	«Ұлт бірлігі – ұлы байлық» атты мерекелік концерт	30 сәуір сағат 16:00	С.Майқанова атындағы мәдениет Үйі
8	«Бейбітшілік – ел тілегі!» атты концерттік бағдарлама	30 сәуір сағат 10:00	Ақжарма мәдениет Үйі
9	«Татулығы жарасқан, тағдыры бір халықпыз» мерекелік концерті	30 сәуір сағат 10:00	Қарауылтөбе ауылдық клубы
10	«БЕЙБІТШІЛІК – ЕЛ ТІЛЕГІ» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ	30 сәуір сағат 11:00	Талсауат ауылдық клубы
11	«Бірлік пен татулықтың мекені!» атты концерттік бағдарлама	30 сәуір сағат 10:00	Абай мәдениет Үйі
12	«Қазақстан – достық мекені» атты өзге ұлт өкілімен сұхбат	30 сәуір сағат 10:00	Қараөзек ауылдық клубы

### МЕНШІК ИЕСІ:

«Желтоқсан и К» ЖШС

### Бас редактор

Сәрсенкүл Бәйдешқызы  
БИҚОЖАЕВА

### Бас редактордың орынбасары

Айдана ӘЛИАРЫСТАН

### Редакцияның мекен-жайы:

Қызылорда қаласы  
Абай даңғылы, 59/1

Телефон: 23-16-08  
23-16-11

(E-mail: a\_akshamy@mail.ru)  
Газет Қазақстан Республикасы  
Байланыс және Ақпарат Агенттігінде  
тіркеліп  
№14611-Г «7» қараша  
2014 жылы куәлігі берілген.  
Алғашқы есепке қою кезіндегі  
нөмірі мен мерзімі  
№1026-Г - 11.01.2000 ж  
Газет аптасына бір рет жарық көреді

### ТАРАЛЫМЫ: 4000

Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.  
**Мекен-жайы:** Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49  
**Таралу аумағы:** Қазақстан Республикасы  
**Тапсырыс**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.  
Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.  
Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.  
Сурет сапасына редакция жауап бермейді

## ЕГІЛГЕН ӘРБІР ТАЛ ЕРТЕҢГЕ ДЕГЕН БІР-БІР ҮМІТ...

Мемлекет басшысы «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына қатысты. Қасым-Жомарт Тоқаев экobelсенділермен бірге елорданың «Самал» саябағында ағаш отырғызды.

Президентке жауапты мемлекеттік орган басшылары атқарылған жұмыс жайында баяндады.

Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев «Таза Қазақстан» акциясы басталған екі жыл ішінде 1,5 мың экологиялық іс-шара ұйымдастырылғанын жеткізді. Осы уақыт аралығында 2 миллион тонна қоқыс жиналып, 5,5 миллионға жуық тал егілген. Жыл сайын бұл бастамаға 6,5 миллион адам, соның ішінде 780 мың волонтер қатысады.

Министрдің айтуынша, 2021-2025 жылдары орман қорын толықтыру үшін 1 миллионнан аса гектарға 1 648,4 миллион түл көшет отырғызылған. Елді мекендерде бес жыл ішінде 18,4 миллион ағаш егілді. Алдағы уақытта 1 760 мың гектар жерді қамтитын 46 экоаумақ құрылады.

Қызылорда қаласында жаңадан салынған Президент саябағындағы шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ардагерлер мен зиялы қауым өкілдері, құқық қорғау органдарының басшылары, облыстық және қалалық мәслихат депутаттары, облыстық басқарма, департамент, инспекция басшылары мен қызметкерлері, еріктілер, экobelсенділер, жастар ұйымдары және студенттер қатысты.

Акцияға аймақтың аудандарынан, елді мекендерінен 25000 мыңнан астам адам атсалысып, 12 мыңнан астам тал егілді, 325,7 гектар аула тазартылып, 320 тоннадан астам қоқыс



шығарылды, 250-ден астам техника жұмылдырылды.

Өңірде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуде.

Кәсіпкерлердің демеушілігімен орталық алаңдар, демалыс орындары, ойын, спорт алаңдары қайта жаңғыртылып, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар заманауи үлгіде жөндеуден өткізілуде.

Қызылорда қаласындағы орталық алаң, қалалық мәдени-демалыс паркі, Қорқыт ата мемориалды аллеясы жаңғыртылса, Президент саябағы қайта салынды. Онда заманауи субұрқақтар, амфитеатр, спорт, ойын, би, шахмат, баскетбол,

**Қазіргі таңда Президент саябағы аумағында 10 млрд. теңгеге жылдың төрт мезгілінде үздіксіз жұмыс істейтін 300 орындық заманауи балалар тынығу лагері, 5 млрд. теңгеге Ботаникалық білім беру орталығы (қысқы бақ) салынуда. Жақында 9 млрд. теңгеге Сырдария өзені үстінен Президент саябағын қаламен байланыстыратын жаяу жүргіншілер көпірінің құрылысы басталады.**

футбол алаңдары, биіктігі 50 метрлік айналымды шолу дөңгелегі, велосипед және жүгіру жолақтары, санитарлық пункттер орнатылған. Жалпы 31 гектарға 2 мыңнан астам ағаш, 50 мыңнан астам сәндік бұта және 17 түрлі көпжылдық гүл егілді.

Бұл жұмыстар барлық ауданда жалғасын тауып, жаңа демалыс

орындары, аллеялар айналының сәнін кіргізді, көшелерге абаттандыру, жарықтандыру жұмыстары атқарылуда.

Ауылдарда қолайлы орта қалыптастыру, тұрғындарды тазалық шараларына ынталандыру мақсатында жыл сайын «Үлгілі елді мекен» конкурсы өткізіледі. Соңғы үш жылда 2 млрд. 64 млн. теңге бөлініп, үздік

елді мекендерге 67 арнайы техника табысталды.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды тиімді басқару, оларды сұрыптау, өңдеу және көдеге жарату бағытында «Жасыл даму» АҚ қаржыландыруымен 98 млрд. 700 млн. теңгеге 9 жоба қолға алынған. Жаңақорған ауданындағы қатты қалдықтарды сұрыптау кешені толық қаржыландырылып, құрал-жабдықтары жеткізілді. Қазіргі таңда іске қосылуда. Қалған 8 жоба «Өнеркәсіпті дамыту қоры» сараптамасынан өткізіліп, қаржыландыру үшін тиісті келісімшарттар жасалуда.

Облыстық бюджеттен 475 млн. теңгеге Сырдария ауданында сұрыптау кешені бар қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны ашылды. Тағы екі жаңа жоба жасалып, мемлекеттік сараптамадан өткізілді, салалық министрлікке қаржыландыру үшін ұсынылды.

Қалдықтарды сұрыптау мәдениетін қалыптастыру мақсатында облыс көлемінде 10 мыңға жуық контейнер орнатылды. Көпқабатты тұрғын үйлер, ірі сауда орындары, әуежай мен теміржол вокзалы аумақтарында шыны, пластик және қағаз қалдықтарын сұрыптап жинау үшін арнайы экобокстар қарастырылған.

Қызылорда қаласындағы 83 ескі көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері заманауи панельдермен жаңартылды, бұл жұмыстар 58 тұрғын үйге 2 млрд. 893 млн. теңгеге бюджет есебінен, 27 тұрғын үйге демеушілік есебінен жүргізілді. Быыл 900 млн. теңгеге қосымша 21 тұрғын үйдің қасбеттерін қаптау жоспарланған.

Халық арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, экологиялық білім беру, ағарту шаралары «Жасыл балабақша», «Жас эколог», «Жасыл мектеп», «Табиғат сақшылары» жобалары аясында жүзеге асырылып келеді.

## МАРАПАТТЫҢ ЕРТЕ, КЕШІ ЖОҚ...

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен өткен мәжілісте жалпыхалықтық референдумды ұйымдастыруға және жоғары деңгейде өткізуге белсенді атсалысқан азаматтар марапатталды.

«Мемлекет басшымыз «Біз Халық Конституциясын келешек ұрпақалдындағы жауапкершілігімізді терең сезіне отырып қабылдадық. Ата заң – қуатты, күшті, бәсекеге қабілетті Қазақстанның жаңа Жарғысы. Жаңа Конституция – көне заманнан бері бабаларымызға бағдар болған дала заңдарының бүгінгі жалғасы, ұрпақтар арасындағы сабақтастық көрінісі», – деген болатын.

Жаңа Ата Заңымыз тәуелсіздігімізді, аумақтық тұтастығымызды сақтайды. Азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын қорғайды. Елімізді тың жетістіктер мен табыстарға бастайды. Бірлік пен әділдік, заң мен тәртіп сияқты құндылықтарды орнықтырып, еліміздің ұзақ мерзімді даму бағдарын айқындайды.



Референдумға Сыр жұртшылығы да белсенді қатысып, берекелі бірліктің, тату тірліктің үлгісін көрсетті. Дана халқымыз «Бірлік бар жерде тірлік бар» деген. Жерлестеріміздің жоғары жауапкершілігінің арқасында өңірлер арасында көш бастадық. Сырбойлықтар Мемлекет басшымыздың Өділетті, Қуатты әрі Таза Қазақстанды құру жолындағы бастамаларын әрдайым қолдайтынын тағы бір мәрте айқын дәлел», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Жиында Қазақстан Республикасы Президентінің Алғысымен, «Барыс» төсбелгісімен облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов те марапатталды. Сондай-ақ бірқатар азаматтарға Президенттің Алғыс хаты табысталды.

Биылғы 15 наурызда халқымыз жаңа Конституцияға арналған референдумға белсенді қатысып, мемлекеттің келешек тағдырын айқындады. Президент бүкіл халық атынан жаңа Ата заңға және «Конституцияны іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды.

Халық Конституциясы 1 шілдеден бастап ресми түрде өз күшіне енеді.

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЭКОНОМИКАҒА ЕНЕДІ

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде экономика салаларына жасанды интеллектті енгізу мәселесі қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін осы және өзге де мәселелер талқыланды.

«Мемлекеттік қызметкерлердің жасанды интеллект дағдылары бойынша 100% оқудан өтуін бақылау керек. Денсаулық сақтау ұйымдарының жұмысына цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті енгізу қарқынын жеделдетіңіздер. Жасанды интеллект көмегімен инсульттің алдын алуда нәтиже көрсеткен «Церебра» жобасын өңірімізде енгізу үшін зерделенген нақты ұсыныс беріңіздер.

Құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алуда тәуліл бойы жұмыс жүргізіп, рейдтік шараларды күшейту қажет. Интернет алаяқтықпен күресіп, киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланып, тұрақты мониторинг жүргізу керек», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Бұдан бөлек аймақ басшысы инвестициялық жобаларды, бюджет қаражатының мақсатты әрі тиімді жұмсалынуын, жол бойындағы нысандар мен жол белгілерінің жай-күйін бақылау, тазалықты күнделікті қадағалауды тапсырды.

Өңірде 2023 жылдан бері Қорқыт Ата университеті базасында Сеул ұлттық ғылым және технология университетімен бірлесіп ашылған Жасанды интеллект институты жұмыс істейді. Онда 240 студент білім алады, түлектер өндіріс, білім беру, денсаулық сақтау және қызмет көрсету салаларына жасанды интеллектті енгізумен айналысады.

Қоғамдық қауіпсіздікті арттыруда 7 аудан орталығы мен Байқоңыр қаласында 616 бейнекамера, 54 жылдамдық өлшегіш орнатылған, облыс орталығында 1400 камера, 80 «зиякерлік қиылыс», 96 стационарлық құрылғы бар.

Биыл сәуір айынан бастап өңірлер арасында алғашқы болып 10 «Сұңқар» құрылғысы іске қосылды. Оның көмегімен қауіпсіздік белдігінің тағылмауы, жүргізушінің ұялы телефонмен сөйлесуі автоматты режимде анықталады. «Қазақтелеком» компаниясымен бірлесіп, қолданыстағы бейнебақылау камераларын Ұлттық бейнебақылау жүйесіне қосу жоспарлануда.

Бас прокуратураның бастамасымен қолға алынған «Цифрлық қадағалау» пилоттық жобасы елімізде бірінші болып Қызылорда облысынан бастау алды. Жедел әрекет ету орталығының «109-Бірыңғай байланыс орталығы», «112 – Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметі» ақпараттық жүйелерімен интеграция жүргізілді.

## УЕФА СТАДИОН ИНСПЕКТОРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев УЕФА стадион инспекторы Скотт Струзерспен кездесті.



Кездесу барысында аймақта спорт саласын қолдау аясындағы

**Соңғы 4 жылда аймақтың спорт саласын дамытуға 92 млрд. 693 млн. теңге бөлінді. 2022 жылдан бері өңірде 24 жаңа спорт кешені салынып, пайдалануға берілді. Биыл жыл соңына дейін елді мекендерде тағы 3 спорт кешені ел игілігіне табысталады.**

ауқымды жобалар талқыланды.

«Президентіміз Қазақстан халқына арнаған Жолдауында футбол клубтарын жекешелендіруге қатысты жұмысты жеделдету керектігін айтқан болатын. Елімізде алғашқылардың бірі болып өткен жылдың қазан айында «Қайсар» футбол клубы жеке басқаруға берілді. Клубтың жылдық бюджеті ретінде Премьер лигаға 995 млн. теңге, қыздар командасына 281,2 млн. теңге, жасөспірімдерге 436,6 млн. теңге қаралған.

Клубтың жаңа басшысы «Қайсар» академиясын ашуға, инфрақұрылымды дамытуға 18 млрд. теңге көлемінде

инвестиция салуда.

Алғашқы кезеңде база мен жаттығудың 3 алаңын 2026 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарлануда. Ал толық кешен 2027 жылдың соңына дейін пайдалануға беріледі. Бұл жоба клубтың ұзақ мерзімді дамуына бағытталған негізгі инвестиция.

Жаңа академия 300 баланың футбол спортымен жыл көлемінде шұғылдандуына мүмкіндік береді. Болашақта жаңа академия тәрбиеленушілері де осы танымал ойыншыларымыздың ізін басады деген сенімдеміз», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Қазіргі таңда аумағы 25 мың шаршы метрді құрайтын, олимпиадалық стандарттарға сай 25–50 метрлік бассейні және өлем мен Азия чемпионаттарын өткізуге арналған 2500 орындық көпфункционалды залы бар «Қызылорда Арена» спорт кешенінің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Аталған нысанды биыл пайдалануға беру жоспарлануда.

## 100 ЖАҢА АВТОКӨЛІК ПОЛИЦИЯ ӘРЕКЕТІН ЖЕДЕЛДЕТЕДІ...

Қызылорданың сол жағалауындағы «Қайсар Арена» стадионында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, құқық қорғау

органдары басшыларының қатысуымен полиция департаментіне 100 жаңа арнайы автокөлік кілт табысталды.



**Тәртіп сақшыларына берілген көліктер сенімді байланыс жүйесімен, бейнетіркеу құрылғысымен, навигациялық бағыттау тетігімен, арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен, жедел қызметті тиімді атқаруға қажетті өзге де техникамен жабдықталған. Бұл тәртіп сақшыларының әрекетін жеделдетіп, қызмет сапасын арттырады.**

**Кейінгі жылдары төтенше жағдай құрылымдарына 14 өрт сөндіру автокөлігі және 8 арнайы техника сатып алынды. Биыл қосымша 20 өрт сөндіру автокөлігін алу бастамасын облыстық мәслихат қолдап, бүгінде келісімшарт рәсімделуде. Жергілікті бюджет есебінен барлық елді мекеннің денсаулық сақтау мекемелеріне 245 санитарлық автокөлік алынып, өңірдің медицина саласының автопаркі 100 пайыз жаңартылды.**

Облыс әкімі өңірде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту, тұрғындардың қауіпсіздігі мен өмір сүру сапасын арттыру бағытында атқарылған жұмыстарға тоқталды.

«Мемлекет басшысы «Біздің қоғамымызда заң мен тәртіп үстемдік

құруға тиіс. Бұл – бүкіл қоғамның, әр адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ең басты талап. Біз сонда ғана Өділетті, Таза, Қауіпсіз Қазақстанды құра аламыз», – деп нақты міндеттерді белгілеген болатын.

Қазақстан полициясы – қоғамдағы

құқықтық тәртіпті, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін аса маңызды құрылым. Елдегі тыныштық пен тұрақтылықты сақтауда полиция қызметі Тәуелсіздігіміздің қастерлі міндеттеріне көлеңке түсірмей, берекелі бірлігімізді сақтауға үлес қосуда.

Соңғы төрт жылда аймағымыздың полиция органдарының материалдық-техникалық базасын заманға сай жақсартуға облыстық бюджеттен 17 млрд. 805 млн. теңге, оның ішінде арнайы автокөліктер мен камтуға 4 млрд. 282 млн. теңге қаралды. Заманауи құрылғылармен жабдықталған 128 жаңа автокөлік табысталды.

Бүгінгі арнайы автокөліктер де тұрғындар қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі қызметтерімізді тиімді ұйымдастыруда маңызды рөл атқарады деп сенеміз», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

## Аудан жаңалықтары

### ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕКТЕРІ ТЫҢДАЛДЫ

**АРАЛ** ауданы әкімінің міндетін атқарушы Шерхан Есжанов бекітілген кестеге сәйкес азаматтардың жеке мәселелері мен өтініштері бойынша қабылдау өткізді.

Жеке қабылдауға келген тұрғындар өздерінің ұсыныс-тілектерін жеткізіп, мәселелерінің оң шешім табуына ықпал жасауды сұрады.

Қабылдауға жазылған азаматтардың басым көпшілігі тұрақты жұмысқа орналастыру жөнінде талаптарын айтса, енді бірі баспанаға қол жеткізу бойынша ұсыныстарын жеткізді.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы Ш. Есжанов әрбір мәселелерді сала мамандарымен бірге мұқият зерделеп, заңдылығына қарай шешім қабылданатынын жеткізді. Айтылған өтініштер мен ұсыныстар бойынша жауаптыларға нақты тапсырмалар жүктелді.

### ПРОКУРОР БАҚЫЛАУЫ

**АРАЛ** ауданы прокуроры Дарын Әбіш қалада жүзеге асырылып жатқан бірқатар инвестициялық жобалардың жұмысымен танысты.

Аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Р. Жанаев ауданда қолға алынып жатқан өзге де жұмыстар жөнінде баяндап, ауқымды жобалардың басым бөлігі биыл аяқталып, іске қосылатынын жеткізді.

Алдымен прокурор түйе сүтінен құрғақ ұнтақ өндіретін зауытқа барды. Жоба бастамашысы «Qazaq Camel» ЖШС. Кәсіпорын жылына 392 тонна өнім шығаруды жоспарлап отыр. Зауыт құрылысына 3 млрд. теңге инвестиция салынған. Оның 1,8 млрд. теңгесі мемлекеттік қолдау (жеңілдетілген несие), ал 1,2 млрд. теңгесі жеке қаражат.

Негізгі өндірістік ғимараттың құрылысы мен құрал-жабдықтарды орнату жұмыстары толық аяқталған. Қазіргі таңда 13 Қытай азаматы монтаждау жұмыстарын жүргізуде.

Ұлы Жібек жолының бойында қарқынды жүргізіліп жатқан жобалардың бірі – «Алаш Метан» ЖШС-нің метан

газ құю бекеті. Аудан прокуроры нысан басында мердігер мекеменің өкілдерімен кездесіп, жұмыс барысымен танысты.

Қазіргі уақытта метан газ құю қондырғылары орнатылып, қосымша ғимарат құрылысы жүргізілуде. Жобаның жалпы құны – 600 млн. теңге. Іске қосылған кезде 10 адамды тұрақты жұмыспен қамту жоспарланған. Бекет тәулігіне 200 автокөлікке қызмет көрсетуге қауқарлы және осы жылы пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Мұнан соң «Эко Энерджи Плюс» ЖШС-нің «Арал ауданында автомобиль газ толтыру компрессорлық станциясы бар көпфункционалды жол бойындағы кешен салу» жобасы аясында салынып жатқан метан газ құю бекетінде болды.

Аудан прокуроры құрылыс алаңында жоба жұмыстарының барысымен танысты.

Жалпы құны 1 млрд. теңгені құрайтын бұл инвестициялық жоба аймақта алғашқылардың бірі болып жүзеге асырылуда. Қазіргі таңда кешеннің бірінші кезеңі іске қосылып, 15 адам жұмыс



пен қамтылған. Сонымен қатар 2026 жылдың сәуір айында қосымша құрылыс жұмыстары басталып, автомобиль жолын салу жұмыстары жүргізілуде.

Кешеннің жылдық қуаттылығы 12 мың автокөлікті метан газымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Аудан прокуроры Дарын Елтайұлы жобаларды жүзеге асыру барысында ең алдымен қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар сапаға ерекше мән беріп, өндіріс көлемін арттырудың маңыздылығын жеткізді.

### ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ САҚТАЛУЫ КЕРЕК

**ҚАЗАЛЫ** ауданы әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен вегетациялық кезеңге дайындық барысы және су жеткізу қызметінің тарифіне қатысты түсіндірме жұмыстарын жүргізуге байланысты мәжіліс өтті.

Жылның облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Рысбек Шайхиев, «Қазушар» РМК Қызылорда филиалы директорының міндетін атқарушы Нәжмадин Шамұратов, «Арал - Сырдария» бассейндік инспекциясы басшысының орынбасары Сейтқасым Әбуов, кент, қала және ауылдық округінің тиісті мамандары, шаруа қожалықтарының төрағалары мен ауыл шаруашылығы құрылымдарының өкілдері қатысты.

Мәжіліс барысында Сырдария өзеніндегі су тапшылығының салдарынан туындап отырған өзекті мәселелер кеңінен қозғалды. Аудан әкімі соңғы жылдары аймақта вегетациялық кезеңнің күрделі жағдайда өтіп жатқанын, соған қарамастан Мемлекет басшысы мен Үкіметтің, облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының қолдауының арқасында салада жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтты. Су тапшылығы жағдайларының орын алуы ауыл шаруашылығы саласына, әсіресе суармалы егіншілікке кері әсерін тигізіп жатқандығын, биылғы вегетациялық кезеңнің де күрделі өту қаупі бар екенін атап өтті.

Жылда аудан бойынша өткен жылғы және биылғы егіс көлемдері нақтыланып, негізгі дақыл – күріштің көлемі, өнімділігі және алдағы жоспарлар баяндалды. Сонымен қатар су ресурстарын

тиімді пайдалану, су үнемдеу технологияларын енгізу, егіс алқаптарын әртараптандыру, лазерлік тегістеу жұмыстарын жүргізу мәселелері де кеңінен талқыланды.

Ауданға арнайы жұмыс сапарымен келген салалық мекеме өкілдері вегетация кезеңінде дайындық барысы, су жеткізу жүйесінің жағдайы және тарифтік саясат бойынша жан-жақты түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, шаруалардың сұрақтарына жауап берді.

Мәжілісте аудан басшысы егіс алқаптарына берілген су үшін бірқатар шаруашылықтардың берешегі бар екенін айтып, төлем тәртібін сақтау қажеттігін де ескертті. Алдағы егіс науқанын сапалы әрі уақытылы өткізу үшін барлық қауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар беріп, көктемгі дала жұмыстарын агротехникалық талаптарға сай ұйымдастыруды, ауыл шаруашылығы техникаларын толық дайындыққа келтіруді және су үнемдеу шараларын күшейтуді міндеттеді.

Су тапшылығын ескере отырып, суды аз қажет ететін дақылдардың үлесін арттыру, күріш көлемін кезең-кезеңімен қысқарту арқылы егіс құрылымын оңтайландыру қажеттігін де атап өтті.

Биылғы жылы аудан бойынша 17 257 гектарға егін дақылдарын егу межеленген. Оның ішінде басты дақыл күріш дақылын 5 400 гектарға, жаздық бидайды 340 гектарға, арпаны 60 гектарға, дәндік жүгеріні 500 гектарға, майлы дақылдарды (максары) 316 гектарға, мал азығы дақылдарын 8348 гектарға, картоп, көкөніс, бақша дақылдарын 2293 гектарға егу жоспарланып отыр.

### ЖҰМЫС СҰРАЙТЫНДАР КӨП ҚАРМАҚШЫ.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес аудан әкімі Жандос Еркінбек аудандық сот төрағасы, құқық қорғау органдары, төтенше жағдайлар бөлімі және Мемлекеттік кірістер басқармасы басшыларымен бірге Қуандария ауылдық клуб үйінде аудан тұрғындарына жеке қабылдау өткізді.

Қабылдауға жалпы 50-ге жуық тұрғын қатысып, өздерінің өзекті мәселелерін жеткізді. Азаматтар көбінесе жұмысқа орналасу, тұрғын үй, жарықтандыру және инфрақұрылым мәселелері бойынша ұсыныстарын білдірді. Әрбір өтініш бойынша тиісті сала басшыларына тапсырмалар беріліп, олардың орындалуы бақылауға алынды.

2026 жылдың I тоқсанында аудан әкімінің және оның орынбасарларының қабылдауында 91 азамат болып, оның 74-і жұмыс мәселесі бойынша жүгінген болатын. Бүгінде өтініш білдірген азаматтардың 53%-ы тұрақты және қоғамдық жұмыспен қамтылып отыр.

Жалпы аудан әкімінің жеке қабылдауы бекітілген кестеге сәйкес жүйелі түрде өткізіліп, тұрғындардың ұсыныс, пікірлерін шешуге бағытталған жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

### ЕГІН НАУҚАНЫНА ДАЙЫНДЫҚ

**ЖАҢАҚОРҒАН** ауданы әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімінің орынбасары Бақтияр Мадиярұлы Ахметовтың төрағалығымен мәжіліс өтті.

Мәжіліске аудан прокуроры Бахытхан Бөлеулиев, тиісті сала басшылары, кент, ауылдық округ әкімдері және шаруа қожалықтарының жетекшілері қатысып, күн тәртібіндегі өзекті мәселелер кеңінен талқыланды.

Мәжіліс барысында 2026 жылғы вегетациялық кезеңге дайындық барысы, сондай-ақ егіс алқаптарына су жеткізу қызметінің тарифіне қатысты түсіндірме жұмыстары қаралды.

Жылда аудан әкімінің орынбасары соңғы жылдары өңірде вегетациялық кезеңнің күрделі жағдайда өтіп жатқанын, соған қарамастан Мемлекет басшысы мен Үкіметтің, облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының қолдауының арқасында салада жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтты.

Мәжіліс барысында облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Рысбек Шайхиев өңірдегі егіс науқанының ұйымдастырылуы мен мемлекеттік қолдау шаралары туралы баяндады. Сондай-ақ су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі «Арал – Сырдария» бассейндік инспекциясының басшысы Зейнолла Қазтоғанов су ресурстарын тиімді бөлу, лимиттерді сақтау және заң талаптарын қатаң ұстану қажеттігін атап өтті.

Ал «Қазушар» РМК Қызылорда филиалы директорының міндетін атқарушы Нәжмадин Шамұратов су жеткізу қызметінің тарифтері, су беру кестесі және шаруалармен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Мәжіліс соңында аудан әкімінің орынбасары жауапты сала басшылары мен ауыл әкімдеріне нақты тапсырмалар беріп, вегетациялық кезеңді сапалы өткізу, су ресурстарын тиімді әрі үнемді пайдалану, сондай-ақ диқанармен тығыз байланыста жұмыс жүргізу қажеттігін қатаң тапсырды.

Сонымен қатар барлық шаруашылық құрылымдарын жаңа технологияларды енгізуге, суды үнемдеу тәсілдерін кеңінен қолдануға шақырып, атқарылатын жұмыстардың нәтижесі ел ырсы мен аудан экономикасының дамуына тікелей әсер ететінін ерекше атап өтті.

### ЕГІСКЕ АЛҒАШҚЫ ДӘН СЕБІЛДІ

**ШИЕЛІ** ауданы әкімі Айтбай Жандарбековтың қатысуымен Жөлек ауылдық округіндегі «Шолпан ана» шаруа қожалығының егіс алқабында алғашқы дән себіліп, «ДАЛА КҮНІ – 2026» атты көктемгі дала жұмыстарының басталуына арналған салтанатты шара өтті. Шараға мәслихат депутаттары, аудан ардагерлері, зиялы қауым өкілдері және шаруа қожалықтардың жетекшілері қатысты.

Ашық аспан астында өткен шарада сөз сөйлеген аудан әкімі:



— «Берекелі «Дала күні» аясында көктемгі егіс науқанына сәтті қадам басып отырмыз. Тіршіліктің тамыры – жер десек, сол жерге дән сеуіп, ел ырсымен еселеп жүрген диқан қауымының еңбегі әрдайым құрметке лайық. 42 Еңбек Ерінің отаны атанған киелі Шиелі өңірінде диқаннар ауыл шаруашылығы саласын әртараптандырып, өнім көлемін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізуде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Үкіметтің және облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының қолдауының арқасында ауданның аграрлық саласы қарқынды дамып, заманауи технологиялар кеңінен енгізілуде, - деді аудан басшысы.

Шиелі ауданы бойынша бүгінде 1497 шаруа қожалығы тіркелсе, оның 217-сі егін шаруашылығымен айналысады. Аудан бойынша биылғы жылы 31 213 гектарға егін дақылдарын егу межеленіп отыр. Оның ішінде басты дақыл Сыр салысы - күріш дақылды 10 600 гектарға, бидай 1623 гектарға, тары 200 гектарға, жүгері 2000 гектарға, максары 1000 гектарға, күнбағыс 10 гектарға, соя 70 гектарға, мал азығы дақылдары 10 680 гектарға, картоп, көкөніс, бақша дақылдары 5030 гектарға егу көзделуде. Ал, егіс алқаптарына қажетті 15 300 тонна минералдық тыңайтқыш пен 13 547 литр гербицид толық қамтамасыз етілген.

Сонымен қатар соңғы жылдары ауыл шаруашылығы техникалары айтарлықтай жаңарып, шаруашылықтар заманауи комбайндар мен тракторлар сатып алууда. Нәтижесінде соңғы 4 жылда техника паркі 68,5 пайызға жаңарған. Биылғы науқанға 703 ауыл шаруашылығы техникасы жұмылдырылған.

Су ресурстарын тиімді пайдалану бағытында да ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда «Таң LTD» ЖШС-і 1000 гектар жерге жүгері дақылын тамшылатып суару әдісімен ексе, «Центр Семеноводства» ЖШС-і тағы 1000 гектар жерге осы жүгері дақылын жанбырлатып суару тәсілімен егуде. Сондай-ақ, ауданда 3100 гектар жерге тамшылатып суару әдісімен бау-бақша дақылдары да егілуде.

Су үнемдеу шаралары тек жаңа технологиямен шектелмей, агротехникалық тәсілдермен де толықтырылуда. Биыл 10 мың гектар жер лазерлік тегістеуден өткізіліп, бұл жұмыстарға 45 заманауи техника тартылған.

Су жеткізу бағытында «Шиелісушар» өндірістік учаскесі тарапынан каналдарды тазалау және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ «Базар арығы» каналына темір-бетонды науалар орнатылуда.

Шара соңында алқапқа алғашқы дән себіліп, көктемгі егіс науқаны ауданда ресми түрде бастау алды. Бұл – берекелі тірліктің бастауы, диқан қауымының маңдай тері мен қажырлы еңбегінің алғашқы қадамы. Ақ дән жерге сіңіп, мол өнімге ұласып, ел ырсымен арттырып, қамбамаз астыққа толсын деген асқарма тілектер айтылды.

### «ТАЗА ӨЛКЕ – ЖАЛАҒАШ» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ

**ЖАЛАҒАШ.** Ауданда қоршаған ортаны қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және жасыл ортаға деген жауапкершілікті арттыру мақсатында «Таза Қазақстан» экологиялық жобасы аясында «Таза өлке – Жалағаш» атты ауқымды экологиялық акция өтті.



Акцияға аудан әкімі Ардақ Ибраимов қатысып, қоршаған ортаны қорғау – баршаға ортақ міндет екенін атап өтті.

– Бүгінгі тал егу акциясы – болашаққа жасалған игі қадам. Өр отырғызылған тал – ертеңгі ұрпаққа қалдырылған аманат. Барша тұрғындарды табиғатты қорғауға және осындай игі бастамаларға белсенді қатысуға шақырамын, – деді А.Ибраимов.

Шараға зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, аудан ақсақалдары, этнос өкілдері, аналар және әйелдер кеңесінің мүшелері, мемлекеттік мекеме қызметкерлері, жастар, еріктілер мен аудан тұрғындары белсенді қатысып, белгіленген аумақтарға 550 түп ағаш отырғызды. Сонымен қатар елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру және тұрақты түрде сенбіліктер ұйымдастырудың маңыздылығы кеңінен насихатталды.

Шараға қатысушылар экологиялық мәдениетті қалыптастыру жолында бірлесу әрекет етуге дайын екендіктерін білдірді.

### ҚАУІПСІЗ ОРТА ҚАЛЫПТАСУДА

**ШИЕЛІ** ауданы әкімі Айтбай Жандарбеков тиісті сала басшыларымен бірге аудан аумағында жүргізіліп жатқан көркейту, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарының барысын бақылады. Атап айтқанда «Самара–Шымкент» бағытындағы автожол бойындағы Исатай Әбдікәрімов көшесінің қиылысында бағдаршам орнату жұмыстарының жай-күйін бағамдады. Аталған аумақта көлік қозғалысының қарқындылығы артып, кетеліс жиі орын алуына байланысты жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қозғалысты реттеу мақсатында бағдаршам орнату жұмыстары қолға алынған. Бұл өз кезегінде тұрғындар үшін қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар өткен жылы абаттандыру мақсатында осы автожол бойындағы Исатай Әбдікәрімов көшесінің қиылысында көрнекі ақпараттық тақталар орнатылған болатын. Аталған тақталарда

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың ел дамуына бағытталған стратегиялық ұстанымдары мен маңызды үндеулері қамтылып, көше келбетіне ерекше сан беріп тұр. Бұдан бөлек «Самара–Шымкент» автомобиль жолының 8 шақырым бөлігін қайта жаңғырту жұмыстары да қарқынды жүргізілуде. Жалпы құны 1 млрд. 700 млн. теңгені құрайтын жоба аясында жол сапасын жақсарту, инфрақұрылымды жаңарту бағытында кешенді жұмыстар жүзеге асырылуда.

Жалпы аудан көлемінде жүргізіліп жатқан абаттандыру және инфрақұрылымды дамыту жұмыстары тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және өңірдің келбетін жақсартуға бағытталған. Аудан басшысы Айтбай Жандарбеков атқарылып жатқан жұмыстардың сапасы мен мерзіміне ерекше назар аударып, жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктелді.

### КАНАЛДАР ТАЗАРТЫЛУДА

**СЫРДАРЯ** ауданы әкімі Берік Сәрменбаев Жетікөл, Айдарлы ауылдарындағы «Жетікөл жарма» және «Ақтам» каналдарын механикалық тазалау жұмыстарымен танысты. Жұмыс сапары барысында аудан басшысы атқарылып жатқан жұмыстардың сапасына, мерзімінде орындалуына және техникалық қауіпсіздік талаптарының сақталуына ерекше назар аударды.



Бүгінде елді мекендерді тұрақты аяқ сумен қамтамасыз ету мақсатында «Жетікөл жарма» каналының 16,5 шақырымдық бөлігінде кешенді тазалау және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, «Ақтам» каналының сағасы тазартылуда. Бұл жұмыстарға «Қазушар» Қызылорда филиалы арқылы 9 экскаватор, 4 ауыр техника, 1 бульдозер және 2 қосымша арнайы техника жұмылдырылған. Бүгінде каналдардың 2,2 шақырымы тазартылды. Жұмысшы топ белгіленген жоспарға сәйкес канал арнасын кеңейту, түбін тереңдету жұмыстарын қарқынды түрде жүргізуде.

Аудан әкімі жауапты сала басшыларына және мердігер мекеме өкілдеріне жұмыстың сапасын арттыру, белгіленген мерзімнен кешіктірмей аяқтау жөнінде нақты тапсырмалар жүктелді.

## HARVEST AGRO АГРОИНДУСТРИАЛДЫ ЖОБАСЫ БАСТАЛДЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жалағаш ауданына жұмыс сапарымен барып, Harvest Agro компаниясының агроиндустриалды кластерін құру жобасының бірінші кезеңін іске қосу және алғашқы дән себу рәсіміне қатысты.

Оған Harvest Kazakhstan серіктестігінің бас директоры Дәулет Увашев, Су ресурстары және ирригация министрлігі Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің төрағасы Сейілбек Нұрымбетов, Жамбыл, Түркістан облыстарынан арнайы делегация, аудан әкімдері мен өңірлік қаржы және даму институттарының, шаруашылық құрылымдарының басшылары, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары келді.

«Президентіміздің қолдауымен облыстың егін шаруашылығын әртараптырауға, су ресурстарын үнемдеу технологиясын кеңінен енгізуге алдағы үш жылға 34 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінді. Биыл осы мақсатқа 10 млрд. теңге қарастырылды. Бұл – Мемлекет басшымыздың Сыр диқандарын ерекше қолдауы. Су ресурстарының азаюы бұрынғы дағдыларды қайта қарауды, табиғатпен үндес, үнемшіл әрі тиімді жолдарды таңдауды талап етті. Бүгінгі бастама – жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын, өңіріміздің экономикалық әлеуетін, халықтың әл-ауқатын арттыратын стратегиялық маңызды қадам.



Жобаны жүзеге асыруға бастамашы болып, зор үлес қосқан инвесторларға тағы да шынайы алғысымызды, зор ризашылығымызды білдіреміз. Зауыт құрылысының сәтті аяқталуына, жаңа нысанның ел игілігіне қызмет етуіне тілектеспін», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

**Жоба ауыл шаруашылығын дамытуға, суармалы жер көлемін ұлғайтуға және өңделген өнім экспортын арттыруға бағытталған. Қазір 30 мың гектар жер игерілуде, ал алдағы уақытта бұл көрсеткішті 300 мың гектарға дейін жеткізу жоспарланған. Егін өсірумен қатар өнімді өңдеу, сақтау, тасымалдау және өткізудің біртұтас жүйесі қалыптасуда.**

Рәсімде облыс прокуроры Ризабек Кәрімұлы, Harvest Agro серіктестігінің басшысы Дәулет Нұрланұлы сөз сөйлеп, ел ағасы Биғали Әбдікерұлы батасын берді.

Агроиндустриалды кластер құру жұмыстарын сапалы жүргізіп, жобаның жүзеге асуына үлес қосқан азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Жобаның бірінші кезеңінде 8,7 мың гектар суармалы жерге жүгері, екінші кезеңінде 32 мың гектарға жүгері, соя, техникалық қарасора егіліп, 68 млрд. теңгеден астам қаржыға дақылдарды терең өңдейтін жаңа өндіріс орны ашылады. Зауыт заманауи жоғары сапалы технологиялармен

жабдықталып, 140 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етеді.

Бүгінде негізгі инфрақұрылым жұмыстары қарқын алған. Қараөзектен суару арналары тартылып, 142 жаңбырлық қондырғы орнатылды. Бұл су ресурстарын 30 пайызға дейін үнемдеуге мүмкіндік береді.

Егіс алқаптарын бақылау және басқару үшін цифрлық жүйелер, жасанды интеллект элементтері енгізілуде. Алғашқы кезеңде 80 мың тоннаға дейін жүгері өнімін алу жоспарланған. Бұл – елімізде ірі агроөнеркәсіптік кластер қалыптастыруға бағытталған маңызды жобалардың бірі.

## «ЖАСТАР ЖӘНЕ САЙЛАУ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФОРУМЫ

Қызылордадағы «Құзыреттілік орталығында» облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіровтің қатысуымен «Жастар және сайлау» атты республикалық форум өтті. Оған Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен барлық өңірдің аумақтық сайлау комиссияларының төрағалары, Жас сайлаушылар клубының белсенді мүшелері келді.

Аймақ басшысы мемлекетіміздің келешек тағдырын айқындаған референдумда сайлау комиссиялары маңызды рөл атқарғанын ерекше атап өтті.

– «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Біз Халық Конституциясын келешек ұрпақ алдындағы жауапкершілігімізді терең сезіне отырып қабылдадық. Ата заң – қуатты, күшті, бәсекеге қабілетті Қазақстанның жаңа Жарғысы. Жаңа Конституция – көне заманнан бері бабаларымызға бағдар болған

дала заңдарының бүгінгі жалғасы, ұрпақтар арасындағы сабақтастық көрінісі» деген болатын.

Жаңа Ата Заңымыз тәуелсіздігімізді, аумақтық тұтастығымызды сақтайды. Азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын қорғайды. Елімізді тың жетістіктер мен табыстарға бастайды.

Біртұтас Қазақстан халқының барлық мақсат-мүддесі ескерілген халықтық Конституция еліміздің тыныштығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Президентіміз Ғылым қызметкерлеріне арналған салтанатты шарада жаңа Конституция күшіне енген соң бір палаталы Құрылтай сайлауы биыл тамыз айында өтетінін айтты. Бұл сайлауда да Сыр жұртшылығы ауызбірліктің үлгісін көрсетіп, жоғары нәтижелерге қол жеткізеді деп сенеміз», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Президент, Мәжіліс депутаттарының сайлаулары мен

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария ауданы Нағи Ілиясов атындағы ауылға жұмыс сапарымен барып, егін алқабына алғашқы дән себу рәсіміне қатысты. Аймақ басшысы Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев және ардагерлермен бірге алғашқы дәнді сеуіп, қамбаның астыққа толуына, мол өнім жиналып, шаруалар еңбегінің ақталуына тілектестігін білдірді.

Әрі қарай ауыл шаруашылығы техникалары, тыңайтқыштар, өсімдік қорғау құралдары және озық техникалар көрмесімен танысты.

Биыл вегетация кезеңінде облыстың егіс алқаптарын суаруға 3,2 млрд. текше метр су лимиті бөлінді. Жалпы 185,8 мың гектарға дақылдар егу жоспарланған. Оның ішінде дәнді дақылдар 89,7 мың гектар, майлы дақылдар 6,1 мың гектар, мал азықтық дақылдар 73,2 мың гектар, ал картоп, көкөніс және бақша дақылдары 16,8 мың гектар.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес суды көп қажет ететін дақылдар көлемін оңтайландыру көзделген. Осыған байланысты биыл күріш көлемін 70 мың гектарға дейін қысқарту жоспарлануда. Оның орнына суды аз қажет ететін, өнімділігі жоғары жүгері алқаптарын ұлғайту қарастырылған.

Бүгінде ерте егілетін дақылдар себіліп бітуге жақын, қажетті тұқым, тыңайтқыш, техника және жанар-жағармай жеткілікті, 3975 техника көктемгі науқанға жұмылдырылды.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері 21,7 мың тонна арзандатылған дизель отынына

## СЕБІЛГЕН ДӘН – ЕЛ ЫРЫСЫ...

өтінім берді. Оның 10,1 мың тоннасы көктемгі дала жұмыстарына, 11,6 мың тоннасы күзгі егін жинауға пайдаланылады.

Егін шаруашылығын әртараптырауға, су үнемдеу

артып, 16,7 мың гектарға дейін жеткізіледі, аймақта бірқатар ірі инвестициялық жоба бар.

Атап айтқанда «Харвест Агро» серіктестігі Жалағаш ауданында жүгері, соя, техникалық қарасора



технологиясын кеңінен енгізген шаруашылықтарды қолдау үшін алдағы үш жылға 34 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінсе, 10 млрд. теңгеге жуығы былға қарастырылған.

Соңғы жылдары су үнемдеу технологияларын қолдану 4 есе

егіп, 21 мың гектар жерге агрокластер құруда. «Центр семеноводства» серіктестігі Шиелі ауданында 10,0 мың гектарға жүгеріні жаңбырлатып суару әдісімен егу, «Таң ЛТД» серіктестігі 3,0 мың гектарға жүгеріні тамшылатып суару әдісімен егу жобаларын қолға алды.

## СТУДЕНТТЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Қызылордадағы «Өнер орталығында» «Денсаулық сақтау жүйесіндегі жас мамандар: медициналық колледждердің халықаралық диалогы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның салтанатты ашылуы өтті.

Конференцияны облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов ашып, халықаралық деңгейдегі шараға қатысушыларға сәттілік тіледі.

Сонымен бірге ДСМ Ғылым және адам ресурстарын дамыту департаментінің басқарма басшысы Гүлмира Алмағамбетова, АМАНАТ партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай, Y-PEER өңірлік үйлестірушісі, UNFPA Kazakhstan өкілі Надежда Хе, Білім

беру қорының президенті, Global Sara халықаралық академиясының құрылтайшысы Тлектес Шинчужинова сөз сөйледі.

Салтанатты шара концерттік бағдарламаға, Қызылорда медициналық жоғары колледжіндегі конференцияға ұласты.

Конференция болашақ медицина мамандарының кәсіби және ғылыми әлеуетін біріктіру арқылы халықаралық ынтымақтастықты нығайту, медициналық білім берудегі инновациялық идеялар мен цифрлық технологияларды ілгерілету, қоғам игілігі үшін мейірімділік пен жауапкершілік құндылықтарын дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған.

## ҮШІНШІ ПРЕЗИДЕНТТІК КІТАПХАНА – ПРЕЗИДЕНТ ҚОЛДАУЫ



Ұлттық кітап күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, кәсіпкер-меценат Эдуард Огай, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев, құқық қорғау органдарының басшылары, зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен еліміздегі үшінші Президенттік кітапхананың іргетасын қалау рәсімі өтті.

ғының атынан шынайы алғысымды, зор ризашылығымды білдіремін.

Демеушілікпен 20 млрд. теңгеге салынатын, аумағы 13 мың шаршы метр, саулетті, жаңа кітапхана заманауи талаптарға сай болады. Фирматта оқу, конференция, басшылық, архив пен сирек қорға арналған

## “ОСЫҢДАЙ “САЙЛАУ ҮЙІ” ТЕК ҚЫЗЫЛОРДАДА...”



Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров, «Жастар және сайлау» республикалық форумына қатысушылар облыстық сайлау комиссиясы орналасқан «Сайлау үйінің» жұмысымен танысты.

Сол жағалаудағы жаңа ғимарат аймақ басшысының тапсырмасымен заманауи талаптарға сай жабдықталды. Өр өңірден келген делегация мүшелерінің айтуынша осындай «Сайлау үйі» тек Қызылордада ашылған.

«ақылды бюллетень» жобасы ұсынылды. Сонымен қатар 3D графикамен жасалған жұмыстар, сайлау тақырыбына арналған қолөнер бұйымдары қойылған.

Жас сайлаушылар клубының белсенділері сайлау процесін қарапайым әрі қызықты етіп түсіндіретін комикстер шығарған. Жасанды интеллект көмегімен жасалған дауыс берудің маңыздылығы туралы мультфильмдер топтамасын ұсынды.

Өңірде сайлау органдары мен сайлау жүйесіне ерекше мән беріліп келеді. Аймақтар арасында алғашқы болып аумақтық сайлау комиссиясы жаңа үлгіде жабдықталған дербес ғимаратқа көшті. Қызылорда қаласы мен барлық аудандағы сайлау комиссияларына да ғимараттар беріліп, материалдық-техникалық базасы жаңартылды. Дауыс беру уәкілеттерінде сайлаушыларға, әсіресе мүгедектері бар азаматтарға қолайлы жағдай жасалған.

жалпыхалықтық референдумдарға қатысу көрсеткіші бойынша Қызылорда облысы республикада алдыңғы қатардан көрінді.

Жиында Нұрлан Мәжитұлы сөз сөйлеп, республикалық референдумды жоғары деңгейде өткізуге атсалысқан азаматтар Қазақстан Республикасы Президентінің Алғысымен, Орталық сайлау комиссиясының ведомстволық медалімен, Құрмет грамотасымен және Алғыс хатымен марапатталды.

Өңірде 9 аумақтық, 134 округтік және 378 учаскелік сайлау комиссиясы жұмыс істейді, олардың құрамында 2642 мүше бар.

Делегация мүшелеріне сайлаушылар көрмесі таныстырылды. Онда мектеп президентін сайлау кезіндегі онлайн дауыс беру, цифрлық технологиялар мен датчиктер көмегімен әзірленген

2022 жылдан бері өңірде 22 мәдениет нысаны жаңадан салынып, ел игілігіне берілді. Барлық ауданда «Руханият орталықтары» ашылды. Облыстың бас шаһарында «Өнер орталығы», «Аназа тағзым», «Отбасы орталығы», «Оқушылар сарайы» бой көтерді. Бұлтыр Қызылорданың астана болғанына 100 жыл толуына орай облыстық тарихи-өлкетану музейінің, Ассамблеяның 30 жылдығына орай «Қазатомөнеркәсіп» компаниясының қолдауымен «Достық үйінің» жаңа ғимараты салынды.

Кейінгі жылдары «Сыр әждөлдөздары» академиясы, Жалағаш, Жаңақорған, Шиелі аудандарында «Өнер мектебі» мен «Оқушылар үйі» іске қосылды.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты 23 сәуір – Ұлттық кітап күнімен, кітапханашылардың кәсіби мерекесімен және жаңа кітапхана құрылысының басталуымен құттықтады.

– «Өздеріңізге белгілі Мемлекет басшымыз өткен жылы аймағымызға жұмыс сапарымен келгенде Астана мен Алматы қалаларындағыдай тәулік бойы қызмет көрсететін үшінші Президенттік кітапхананың Қызылорда қаласында ашылатынын жеткізген болатын. Жерлестеріміз бұл бастаманы зор қуанышпен қабылдады.

Бүгін Өздеріңізбен бірге аймағымыз үшін маңызды жобалардың бірі – білім мен мәдениеттің алтын діңгегіне айналатын Президенттік кітапхананың капсуласын салу рәсімінде бас қостық.

Маңызды жобаны жүзеге асыруға демеушілік көрсеткен елімізге белгілі кәсіпкер-меценат Огай Эдуард Викторовичке барша Сыр жұртшылығы


залдар, электрондық кітапхана, әлем әдебиеті белімі мен өнер галереялары, көрме, коворкинг орталықтары, қалпына келтіру шеберханасы қарастырылған.

Бұл – халықтың рухани дамуына, кітап оқу мәдениетін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған Президентіміздің қолдауы.

Жаңа нысан тек кітаптар жиналған жер емес, ұлттымыздың тарихын, мәдениеті мен өркениетін дәріптейтін, жерлестеріміздің рухани тынысын ашатын тәрбие мен тағылым үйі болмақ! Жаңа кітапхананың құрылысы сәтті аяқталып, ел игілігіне қызмет етіп, ұлт руханияты мен білімінің өркендеуіне үлес қосуына тілектеспін», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Рәсімде Эдуард Викторович, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі Шәкізада Әбдікәрімов сөз сөйледі.

## Кітапхана



# «ЕЛБАСЫНЫҢ ЕҢ СЕНІМДІ СЕРІГІ»

және бюджеттік жоспарлау министрі болып қызмет атқара бастады. Бірақ қазан айында министрлікті өткізіп, тек вице-премьер болып қалды.

Мұның есесіне Кәрім Мәсімов келесі жылдың басында, 2007 жылдың 10 қаңтарында алғаш рет Премьер-Министрдің орынтағына отырды. Ол реттік саны бойынша тәуелсіз Қазақстанның жетінші Үкімет басшысы болды. Оны Парламент депутаттарынан осы лауазымға бекітуді сұраған Назарбаев өзінің сөзінде Кәрім Мәсімовке "Қазақстанның барлық даму бағыттары бойынша жүзеге асырылатын істерінің жоспарын жасаған айқын түсінігі бар маман" деген сипаттама береді. Ал Леонид Млечин өз кітабында осы тағайындауға қатысты сөйлеген Президенттің тағы «Біздің шексіз даламызда қандай қазақ болмады десейші, солардың бірі - Кәрім Мәсімов» деп мәлімдегенін де ойға оралтады. Осы арқылы ол ұсынылып отырған үміткерінің тегі қазақ дегенді меңзеп өтеді. Алайда автор бұл тұжырыммен келіспейді. Ол: «Қазақтың үлкен саясатында этникалық шығу тегі мен туыстық байланыстар (үш жүздің біріне жату) түйінді нәрсе болмаса да, маңызды рөл атқаратынын айта кеткен жөн. Кәрім Мәсімовтің әкесі – ұйғыр, бірақ оның ұлы өзін қазақтың деп атайды, тіпті Мәсімовтердің қазақтан шыққаны туралы кітап та пайда болды», - деп ашық жазады.

2014 жылдың қаңтар-сәуір айлары аралығында Мемлекеттік хатшының міндетін уақытша атқарды, 2014 жылы 2 сәуірде Премьер-Министр қызметіне екінші рет келді. Ең ақырында, 2016 жылдың 8 қыркүйегінде Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы болып бекітілді. Сыныптастары оның билік бұтағында ұзақ отыруының сыры алған терең білімінде деп есептесе, сарапшылар түйсікті Назарбаевқа адалдығының астарынан іздейді.

Қалай дегенде де, Кәрім Мәсімов Министрлер Кабинетін басқаруға бел буып келген кезінде өзімен бірге бұрын-соңды болмаған қауірт қаракеттерді ала жетті. Жаңа Үкімет өзінің алдына Қазақстанды бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосу міндетін қойды. Негізінде бұл ылғи Президенттің тапсырмасы ретінде аталып көрсетіліп жүрсе де, оның бағдарламасын бастан-аяқ жасап, іс жүзіне асырудың тетігін табу атқарушы биліктің еншісіндегі тіршілік еді. Сол пәтімен артынша тағы бір дауылды жоба – "Қазақстанның 2020 жылға дейінгі үдемелі индустриалды-инновациялық дамуы" бағдарламасы пайда болды. Ал 2007 жылы 15 қаңтарда өткен алғашқы жиындардың бірінде Кәрім Мәсімов мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту жөнінде ұсыныстар дайындауға тиіс төрт жұмыс тобының құрылғанын хабарлады. Бұдан кейін әлеуметтік салада «100 мектеп,

шығара алмаймыз. Бұл да оның қызметінде ұзақ отыруына әсер етті. Дегенмен, бұл басты себеп емес, өйткені кімнің қай қызметте қанша уақыт отыруы керектігін тек Президент қана шешеді».

Қалай дегенде де, 2007 жылға дейін қазақ қоғамына онша жақсы таныс бола қоймаған Кәрім Мәсімовті толымды мемлекеттік тұлға етіп шығарған оның премьерліктің бірінші кезеңінде атқарған бес жарым жылы болды. Осы тұста ол елді әлемдік қаржы-экономикалық дағдарысының қатты қыспағынан құтқара білді. 2007-2008 жылдардағы минералдық ресурстардың жаһандық бағасына тікелей тәуелді экономиканы елеулі теріс салдарлардан аман алып шықты. Осы ретте «Тәуекелдерді бағалау тобының» жетекшісі Досым Сәтбаев «экономиканы қолдай алатын мүмкіндіктері жоқ басқа елдер премьерлерімен салыстырғанда, оның жағдайы оншалықты қиын болған жоқ» деп есептейді. Ол бұл жерде дағдарыстың теріс зардаптарының орнын өтеу үшін өзіміздің Ұлттық қордан алынған 1 триллион теңге көлеміндегі инвестиция қаржысын еске алып отыр.

Үкімет жоғарыда атап өтілген үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасын 2010 жылы 23 ақпанда өмірге енгізді. «Осыған сәйкес, 2014 жылға қарай елдің жалпы ішкі өнімі 2008 жылғы деңгейден 50 пайызға

## Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ

# ҚАҢТАР ҚАҚТЫҒЫСЫ

## II-тарау

# ОҚИҒА ОРТАСЫНДА

Енді сөз орайында республикалық физика-математика мектебінің елге кезінде көптеген көрнекті тұлғаларды бергеніне де бірер ауыз сөзбен тоқтала кетейік. Иә, бұл білім ордасын бітіргендердің Одақ пен республиканың озық жоғары оқу орындарына түсіп оқуға мол мүмкіндіктері болды. Сол арқылы кейін көпшілігі қоғамда да өздерінің лайықты орындарын алып жатты. Олар және өз мектептерін бітірген тұлғаларға де қамқор қолдарын созып, қолдау көрсетіп жүруші еді. Біз білетінде бұл тізімде қазір қазақ қоғамына аттары жақсы таныс болған Асқар Жұмаділдаев, Серікбай Нұрсисаев, Кәрім Мәсімов, Тимур Құлыбаев, Қайрат Қожамжаров, Қайрат Келімбаев, Нұрлан Қаппаров, Ерболат Досаев, Берік Қаниев, Вячеслав Ким, Бақыт Сұлтанов, Ерлан Сағадиев, Данияр Әбілғазим секілді қарымды қайраткерлер бар. Міне, кейін бұлардың бәрі Нұрлан Қаппаров мектеп түлектерінің қорын құру жөніндегі идеясын қолдады. Сөйтіп, олар орталы ақша жинап, осы білім ордасының кабинеттерін, спорт залын, жатақханасын жақсартуға демеушілік көрсете бастады, өздеріне тәлім-тәрбие берген бірнеше мықты мұғалімді мектепке қайтып әкелді. Мұның бәрі мектептің рухын сақтап, бұрынғы атақ-даңқын қайтару үшін жасалды. Сол сияқты қорға жиналған 2 миллион долларға жуық ақшаны мұғалімдердің жалақысын көтеруге, студенттер арасында өтетін пән олимпиадаларын қолдауға және оқушылардың АҚШ-та өтетін тәжірибе алмасу бағдарламаларын қаржыландыруға жұмсады. Жұмыстың сәтті жүріп кеткені сонша, 2008 жылы белсенділер істі әрі қарай дамытуды қолға алып, 24 қатысушыдан тұратын қамқоршылық кеңесін құрды. Қашаннан қозғалыстың басы-қасында жүрген Кәрім 2014 жылы кеңес төрағасы болып сайланды.

Осы жерде Кәрім Мәсімовтің әкесіне қатысты айтпай кетуге болмайтын тағы бір тосын дерек бар. Мұны Леонид Млечин: «Осылайша ол өзінің сүйреп жүрген адамына Қазақстан саясатының жолдамасын алып берді. Оның әкесі Қажымқан өзгеше қабілеті бар адам болған, - деп өңгімелейді. - Ол Кеңес Одағы кезінде-ақ йогамен кәсіби негізде айналысты. Бір шеттегі Целиноград үшін бұл өте таңғаларлық және қауіпті жайт болды. Дәстүрлі медицинаның қуғын-сүргінінен қашқан Қажымқан Мәсімов Поляр шеңберінен ары асып, үш жыл құрылыс экспедициясында жұмыс істейді. Алматыға оралғаннан кейін ол сол кездегі республика башысы Дінмұхаммед Қонаевтың бірінші көмекшісі Дүйсетай Бекежановпен достасады. Алайда тағдырдың тәлкегіне қарай, 1980 жылдардың ортасында тап сол Бекежанов Назарбаевтың қас дұшпаны болды». Автордың сөз етуіне, сол уақытта Назарбаев пен Бекежановтың арасы ит пен мысықтай өте нашар болған. Екеуінің қарым-қатынасы тым қатты ушыққаны сонша, Назарбаев: «бұл жерде есек те, жала да, қоқан-лоққы да, өтірік те іске қосылды. Мұны ұйымдастыруды осы істің «кәсіби маманы» Бекежанов қолға алды», - деп сол күндерді еске түсіреді.

100 аурухана» деп аталатын жоба қанат қақты. Бірақ биліктегілер кейін бұлардың басым бөлігі жүзеге асты деп жариялағанымен, сарапшылар «шәбірінің ел экономикасы дамуына пәлендей серпін бермегенін» атап өтті. Иә, жіті көзбен қарасаң, осылардың бәрінің манипуляциясын өте шебер жасап отырған Кәрім Мәсімовтің ұқыпты жігіт екеніне келіскенмен, бір жағы ептеп авантюризммен құр алақан еместігін де анық байқайсың. Биліктің сол тұста «бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кірдік» деп берген баянаты сондықтан да жұрттың арасында өкініш пен мысықдан басқа ештеңе шақыра алмады.

Кәрім Мәсімовтің бірінші премьерлік кезеңі бүкіл әлемді жайлап жатқан дағдарыстың дүрмегімен тұспа-тұс тұрды. Сондықтан сарапшылар Үкіметтің тарапынан жасалып жүрген кез-келген іргелі істі дағдарыспен құрғасқа балады. Сол себепті елдегі көптеген саясаткерлер Мәсімовтің Министрлер Кабинетін «Дағдарысқа қарсы Үкімет» деп атады. Белгілі саясаттанушы Досым Сәтбаев осы кезеңде Үкіметтің жетістігі индустриалды-инновациялық бағдарламаның жасалуы болса, көмшілігі оның жүзеге аспай қалуы екенін атап көрсетті. Оның пайымынша, Мәсімовтің премьер қызметінде ұзақ отыруының басты себебі сол жылдары әлемде, оның ішінде Қазақстанда экономикалық дағдарыстың орын алуы болған. Мына жағдайда Үкіметті ауыстыруға Президенттің өзіне тәуекелі жете қоймаған. «Егер қаржы-экономикалық дағдарыс болмаса, Кәрім Мәсімовтің қызметінен ертерек кетуі өбден мүмкін еді, - дейді Досым Сәтбаев өзінің тұжырымын тиянақтап. - Дегенмен бұл дағдарыс кезеңі Үкіметтен оған қарсы бағдарлама жасап, оны жүзеге асыруды талап етті. Бұған қоса, Мәсімов Үкіметінің жасап шығарған индустриалды-инновациялық бағдарламасы да жайлап жүзеге асырыла бастады. Сондықтан аталған бағдарламалардың түпкі нәтижесіне жауапты тек Мәсімовтің өзі болмақ. Ал, екіншіден қандай да бір мықты қолдаусыз Премьер-Министр қызметінде ұзақ отыру мүмкін емес. Бұл жерде Кәрім Мәсімовтің Президент әулетіндегі адамдармен тығыз байланысы болғаны да жоққа

есуге тиіс болды, - дейді осы орайда экономист Қанат Берентаев. - Ал Мәсімов мемлекеттік индустриалды бағдарламасын жүзеге асырудың қаржыны бойынша қисынға қиыспайтын рекорд жасады. Осының арқасында 2010 жылдың шілдесіне қарай, қабылданғанына бірнеше ай өткен соң, Үкімет жалпы құны 351,1 миллиард теңгені құрайтын 72 жобаның орындалғанын хабарлады». Расында әрі таңқаларлық, әрі күлкілі жайт қой! Сосын жұртты ақымақ санаудың бұдан асқан мысалын табу да қиын шығар!

Осы тұста Министрлер Кабинеті зерттеп, әзірлеген «Индустриалды бағдарламаны» сәйкес жалпы құны 8 триллион теңге тұратын 294 нысанның құрылысы жоспарланған болатын. Оны жасаған авторлар пікіршіне бұлар елімізде ікемді, әртарапандырылған экономика құруға жол ашып беруі тиіс-тің. Алайда сарапшылар индустриялық-инновациялық бағдарламаны алғашқы нәтижелеріне кекесінен қарап, оны бар болғаны «мониторинг бағдарламасы» деп есептеді. Олай болатыны, құжатқа туризм мен ауыл шаруашылығы салаларында әзірленген жобалар ғана кіреді. «Бірақ бұлар бұрын қабылданып қойылған жобалар болатын, мен олардың ортақ тұжырымдамасын көре алмадым», - деді Қанат Берентаев кейін «Азаттық» радиосына берген сұхбатында. Ол сондай-ақ Қазақстанның 7 пайызға өскен ішкі жалпы өнімінің 2,7 пайызы жақында ашылған өнеркәсіп орындарының үлесіне тиегін етіп көрсететін 2010 жылдың мәліметтеріне де күмән келтірді. «Олар әуелі жобалық қуатты игеру кезеңінен, тұрақты жұмыс орнына жету кезеңінен өтуі керек, бұл уақытты қажет етеді. Біреулер осындай цифрларды ауадан ала салып, Президенттің сөйлейтін сөзіне қосып жіберген сияқты», - дейді экономист.

Саясаттанушы Досым Сәтбаев осы ретте индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын әзірлеуді жақсылықтың нышаны санайды, алайда оны жүзеге асырудың сапасының төмен болып шыққанына қынжылады. «Жалпы бағдарлама жаман емес, бірақ оның жүзеге асырылу сапасы үрленген жобалар деңгейінде қалды. Қыруар қаржыны осылай шашып жіберу арқылы индустрия мен инновацияны жалау етіп көтеретін экономика құра алатынымызға менің күмәнім бар. Бұған бюрократтардың инновациялық ойлау жүйесінің жоқтығы, сол сияқты қазіргі қолданыстағы әкімшілік жүйенің инновацияға априори бейімделмегендігі кінәлі», - деді ол «Азаттық» радиосына берген сұхбатында. (Жалғасы бар)

## Заң мен тәртіп

### ПОЛИЦЕЙЛЕР АЛАЯҚҚА АЛДАНБА ДЕДІ

Қызылордалық полицейлер білім беру мекемелерінде интернет алаяқтықтың алдын алу бағытында түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Қызылорда қаласы Полиция басқармасының криминалдық полиция бөлімінің қызметкерлері қаладағы 3 мектеп-лицейде оқушылар мен студенттерге интернет алаяқтық, ұрлық, stalking сияқты құқықбұзушылықтардың алдын алу бойынша кең көлемде түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Кездесу барысында азаматтарға күмәнді сілтемелерге өтпеу, жеке деректерді бөгде адамдарға бермеу, белгісіз қоңыраулар мен хабарламаларға сақтықпен қарау қажеттігі түсіндірілді.

Сонымен қатар жастарға әлеуметтік желілерде қауіпсіздік ережелерін сақтау, алаяқтардың арбауына түспеу жолдары жан-жақты түсіндіріліп, нақты мысалдар келтірілді. Мұндай алдын алу шаралары өскелең ұрпақтың құқықтық сауаттылығын арттыруға және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Полиция қызметкерлері азаматтарды қырағы болуға шақырып, кез келген

күмәнді жағдай туындаған кезде дереу құқық қорғау органдарына хабарласу қажеттігін ескертуде.

Сондай-ақ Қызылорда қаласы Полиция басқармасының ювеналды полиция бөлімшесі бастығының орынбасары, полиция майоры Ауесбаев Мұхтар №235 мектепте болып, ұстаздармен кездесу өткізді.

Кездесу барысында интернет алаяқтықтың алдын алу, буллинг, ұрлық және жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мәселелері кеңінен түсіндірілді. Сонымен қатар қатысушыларға сақтық шараларын сақтау және құқықтық сауаттылықты арттыру бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

### САМОКАТПЕН ЖҮРУ ЕРЕЖЕСІ ҚАНДАЙ?

2026 жылғы 1 шілдеден бастап электрлі самокаттарды пайдалану бойынша жаңа қағидалар күшіне енеді.

Электрлі самокаттарды пайдалану тәртібі:

- \* Самокаттар велосипед жолдарымен немесе жол жиегімен жүруі тиіс;
- \* Жаяу жүргіншілерге кедергі келтірмеу қажет;

- \* Қозғалыс кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау міндетті.
- \* Жүргізушілердің жауапкершілігі:
- \* Жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған;
- \* Мас күйде самокат басқаруға тыйым салынады;
- \* Кәмелетке толмағандардың пайдалануына шектеулер қойылуы мүмкін.
- \* Жалға беру қызметін реттеу:
- \* Самокаттарды жалға беретін ұйымдар қызметін заң талаптарына сәйкес жүргізуі тиіс;
- \* Техникалық жарамдылық пен пайдаланушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттеледі;
- \* Қала аумағында арнайы тұрақ орындарын белгілеу талап етіледі.
- \* Назар аударыңыз!
- \* Белгіленген талаптарды бұзу әкімшілік жауапкершілікке және айыппұл салуға әкелуі мүмкін.

### ТҮНДЕ ЖҮРУГЕ БОЛМАЙДЫ

Қала аумағында кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жөніне бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында түнгі профилактикалық шаралар жүйелі түрде жалғасуда.

Кезекті жүргізілген рейдтік іс-шараларға белсенді ата-аналардан құралған әкелер пұлы, білім беру ұйымдарының өкілдері, тәрбие орталықтарының мамандары және облыстық полиция департаментінің қызметкерлері жұмылдырылды. Бірлескен топтар қала аумағы мен шет аймақтарды қамтып, қоғамдық орындарда, ойынауы нұсқаларында және компьютерлік клубтарда бақылау жұмыстарын жүргізді.

Нәтижесінде түнгі уақытта заңды өкілдерінің қарауынсыз жүрген жасөспірімдер анықталып, олардың ата-аналарына түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Әсіресе, бала қауіпсіздігі мен ата-ана жауапкершілігінің маңыздылығы кеңінен түсіндірілді.

Еске сала кетейік, кәмелетке толмағандардың:

- сағат 22:00-ден кейін ойыну-сауық орындарында заңды өкілдерінің болуы;
- сағат 23:00-ден таңғы 06:00-ге дейін тұрғыжайдан тыс жерде жүруі – заңнамаға сәйкес жауапкершілікке әкеп соғалды.

Қайталанған жағдайда әкімшілік шаралар күшейтіледі.

### ПӘТЕР ҰРЛЫҒЫ ЖИЛЕП ОТЫР...

Соңғы уақытта пәтер ұрлығы деректері жиілеп отыр. Осы ретте қалалық полиция басқармасы өз мүлкіңізді қорғау

үшін төмендегі қарапайым қауіпсіздік шараларын сақтаңыз дейді. Атап айтқанда есікті әрдайым құлыптаңыз.

- Үйден қысқа уақытқа шықсаңыз да, есікті кілттеп кетуді ұмытпаңыз.
- Сапалы құлып орнатыңыз.
- Қосымша қауіпсіздік үшін бірнеше құлып немесе заманауи қорғаныс жүйелерін қолданған жөн.
- Бейнебақылау және дабыл жүйесін орнатыңыз.
- Бұл ұрыстарды тоқтатудың тиімді тәсілдерінің бірі.
- Көршілермен байланыста болыңыз.
- Көршілеріңізге ұзақ уақытқа кететінін ескертіп, пәтеріңізге көз салып жүруін сұраңыз.
- Бағалы заттарды көзге көрінетін жерде қалдырмаңыз.
- Терезе маңында немесе оңай көрінетін жерде қымбат заттарды қалдырмаңыз.
- Бейтаныс адамдарға есік ашпаңыз.
- Өзін қызметкер ретінде таныстырған адамдардан міндетті түрде құжат талап етініз.
- Ұзақ уақытқа кеткенде пәтерді бос қалдырмаңыз.
- Жарықты автоматты таймерге қою немесе сенімді адамға уақытша қарауын сұрау тиімді.
- Күдікті адамдарды немесе жағдайларды байқасаңыз, дереу полицияға хабарласыңыз.

Қызылорда - ортақ үйіміз

## ЕСКЕРТКІШТЕР ЕСКІРМЕЙДІ



Қалалық Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен Қызылорда қаласындағы Жалаңтөс Баһадүрдің туғанына 450 жыл толуына орай "Тұран өркеніетінің ұлы перзенті - Жалаңтөс Баһадүр" атты тақырыптық кеш өткізілді.

Іс-шараның мақсаты - батыр ерлігін насихаттау, тарихи-мәдени мұраларды сақтау, ескерткіштердің маңызын түсіндіру және өскелең ұрпаққа ұлттық құндылықтарды жеткізу. Сонымен қатар, Жалаңтөс Баһадүрдің ел тарихындағы орны мен ерлік жолы таныстырылды.

Кеш барысында Сейітқұллы Жалаңтөс Баһадүрдің ұрпақтары қатысып, тұлғаның өмірі мен қызметі туралы мағлұматтар берді. Тағылымы мол кездесу көрермендерге рухани әсер сыйлап, тарихқа деген қызығушылықты арттырды.

Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні қарсаңында Роза Бағланова ескерткіші маңында мәдени іс-шара өткізілді.

Шара барысында қалаға қарасты Белкөл кенті әкімінің міндетін атқарушы Нұрлан Қуанышбаев қазақ халқының мақтанышы, КСРО халық әртісі Роза Бағланованың өмір жолы мен өнердегі орнына кеңінен тоқталды. Сонымен қатар, ол өз сөзінде тарихи ескерткіштердің ел тарихындағы маңыздылығын атап өтіп, барша тұрғындарды мәдени мұраларды қорғауға, қастерлеуге және келер ұрпаққа аманат етуге шақырды.

Іс-шара аясында тақырыптық кітап көрмесі ұйымдастырылып, онда Роза Бағланованың өмірі мен шығармашылығына, сондай-ақ еліміздегі тарихи ескерткіштерге арналған әдебиеттер мен материалдар көпшілік назарына ұсынылды.

Шара барысында клуб өнерпаздары ән шырқап, көркем сөз оқып, көрермендерге әсерлі концерттік бағдарлама ұсынды. Өнерпаздардың өнері жиналған көпшілікке ерекше көңіл-күй сыйлап, мәдени кештің мазмұнын аша түсті.

Мәдени шараға қала тұрғындары, жастар қатысты, тарихи мұраларға деген құрметтерін білдірді.

Қазақстан жастарының көрнекті жетекшісі Фани Мұратбаевқа арналған Ескерткіш алдында «Фани тағылымы – ұрпаққа ұлағат» атты мәдени іс-шара өтті.



Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – тарихи ескерткіштерді қорғау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және өскелең ұрпаққа тағылымды тәрбие беру. Тарихи ескерткіштер – ел мұрасы әрі халық қазынасы болып табылады. Осыған орай, тарихта із қалдырған тұлғалардың өмірі мен еңбегін ұлықтау – әрбір азаматтың парызы. Фани Мұратбаев қысқа ғұмырында ел жадында өшпес із қалдырған тұлға. Оның Отанға деген сүйіспеншілігі мен қоғамдық қызметі қазіргі жастар үшін өнегелі үлгі болып табылады.

Шара барысында М.Ералиева атындағы Мәдениет үйінің директоры Манас Молдашев құттықтау сөз сөйлеп, Фани Мұратбаевтың өмір жолы мен қоғамдық қызметіне кеңінен тоқталды. Сонымен қатар қатысушыларды тарихи ескерткіштер мен мұраларды сақтауға, қорғауға және насихаттауға шақырды.

Фани Мұратбаевтың рухына тағзым ету – бүгінгі ұрпақтың қасиетті борышы. Қазақ халқы қашанда өз тарихын, ұлы тұлғаларын қастерлеп, олардың есімін ұрпақ жадында сақтайды.

## “ӘДЕБИ АВТОБУСТА” КІТАП ОҚЫДЫ

Ұлттық кітап күні аясында «КІТАП QALA» атты «әдеби автобус» жобасын жүзеге асырды. Қала тұрғындарына рухани азық сыйлауды мақсат еткен бұл игі шара көпшіліктің көңілінен шығып, мазмұнды әрі әсерлі өтті.

Танымдық мәні терең, дәйекті сөздер мен қанатты тіркестер жазылған плакаттармен, түрлі-түсті шарлармен сәнді безендірілген №11 бағыттағы автобус жолаушыларға ерекше атмосфера сыйлады. Сапар барысында жолаушылар тек тыңдарман болып қана қоймай, кітап туралы өлең-жырларға қосылып, рухани кештің белсенді қатысушыларына айналды.

Рухани байлығымыздың сарқылмас қазынасы – кітапты ұлықтауға арналған шара қалалық кітапханалар жүйесінің қызметі туралы ақпарат беруден және кітап мерекесінің маңызын насихаттаудан бастау алды. Қатысушыларға кітаптың адамзат өміріндегі орны, оның тарихи-мәдени мәні жайлы тағылымды ойлар ұсынылып, ұлттық құндылықтардың қадір-қасиеті кеңінен сөз болды.

Шара барысында кітапхана оқырмандары қазақтың өсем әндерін нақышына келтіре орындап, жолаушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Кітап – адамзаттың рухани теміржолы, оқырманның жан азығы. Тамыры тереңге бойлаған бұл асыл мұра адамзатпен бірге жасап, ешқашан өз құндылығын жоғалтқан емес. Тарихын танып, ақын-жазушылардың мұрасымен сусындап өскен ұрпақ кітаптың қадірін қашанда биік қояды. Көненің көзі саналатын сирек қолжазбалар мен кітаптар өлеменің әйгілі кітапханаларында бүгінге дейін ұлттың баға жетпес қазынасы ретінде сақталып келеді. Өйткені кітап – әр

халықтың тарихи мен мәдениетінің, салт-дәстүрінің айнасы.

Іс-шара аясында кітапхананың тұрақты оқырмандары Сұлтанғали Инжу, Ережелбай Жанерке, Сұлтанғали Илияс, Темір Бейбарыс, Берікқызы Кәусар қазақ ақындарының жырларын мәнгерлеп жатқа оқып, көрерменнің ықыласына бөленді. Сонымен қатар белсенді оқырмандар Айдарбек Рауан, Таубақабыл Кәусар, Мұса Бибімариям, Бакберген Нұрбақыт, Мирамбеков Бақтияр да өз өнерлерін ортаға салып, әдеби кештің ажарын аша түсті.

Жолаушылармен ұйымдастырылған викториналық ойындар шараның мазмұнын байыта түсті. Қатысушыларға қызықты әрі танымдық сұрақтар қойылып, тапқырлық танытқан оқырмандар түрлі сыйлықтарға ие болды. Сонымен қатар халық ауыз әдебиетінің інжу-маржандары – мақал-мәтелдер мен жұмбақтар кеңінен насихатталып, жолаушылар өз білімдерін ортаға салды.

«Әдеби автобус» жобасының мақсаты – заманауи ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында кітап оқуға деген қызығушылықтың бәсеңдеуіне назар аударып, жастарды кітапқа қайта бет бұрғызу. Адамзат даналығының алтын кілті – кітап екенін, ал өркениетті қоғамның айқын көрсеткіші – кітапхана екенін ұғындыру арқылы оқырман мәдениетін қалыптастыру көзделді.

Жолаушылардың белсенділігі мен шынайы қызығушылығы шараның жоғары деңгейде өтуіне ықпал етті. «КІТАП QALA» әдеби автобусы – кітаптың мәңгілік құндылық екенін тағы бір мәрте айқындап, қала тұрғындарының жүрегіне рухани шуақ сыйлаған тағылымды бастама болды.

## БІР СӨЙЛЕММЕН...

Қызылордада «Жас сақшы» топтары жол қауіпсіздігіне үлес қосып, оған мүше оқушылар полициямен бірге рейдке қатысып, жүргізушілерге жол ережелерін сақтаудың маңызын түсіндіріп, ұнпарақтар таратып, «Жолда тәртіп – өміріңнің кепілі» ұранымен жол мәдениетін қалыптастыруға өз үлестерін қосты.

Шараның мақсаты – балалардың жауапкершілігін арттыру және қоғамға үлгі көрсету.

Қызылорда қаласы әкімдігі мен қалалық төтенше жағдайлар басқармасы бірлесіп, қала аумағындағы су айдындарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету және төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында кезекті рейдтік іс-шара ұйымдастырып, мамандар тұрғындарға судағы қауіпсіздік ережелерін түсіндіріп, шомылуға рұқсат етілмеген орындарда суға түспеу қажеттігін ескертті.

Бұл бағыттағы профилактикалық жұмыстар алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғасын табады.

Қала әкімдігі жанынан құрылған жұмысшы топпен қала аумағында құрылыс қалдықтарын тастау, ластау және кәсіпкерлік нысан аумағын қалыпты жағдайда ұстамау бойынша рейдтік жұмыстар күшейтілген түрде күнделікті жүргізіліп, жеке және заңды тұлғалардың құрылысы толық бітпей қараусыз қалған ғимараттары, құрылыс қалдықтарын бейберекет төгуі, қоршаудың талапқа сай орнатылмауы, кәсіпкерлік нысандары қасбетінің тазалыққа сәйкес келмеуі секілді бірнеше фактілер анықталып, әкімшілік құқық бұзушылыққа жол бергендерге айыппұл салынды.

Қала тазалығы мен экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында "Тазалық патрулі" кәсіпкерлік нысан иелерін тазалыққа шақыру жұмыстарын ұйымдастырып, кәсіпкерлерге айналыны таза ұстау, қоқысты белгіленген орындарға тастау және ортақ аумаққа жауапкершілікпен қарау қажеттігін түсіндірді.

Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жаңадан салынған Тәуелсіздік көшесі бойындағы көрінуі шектеулі 5 бұрыста арнайы жол айналары орнатылып, жүргізушілерге көрінбейтін бұрыштарды дер кезінде байқауға мүмкіндік беріп, жол-көлік оқиғаларының алдын алуға ықпал етуде.

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖАСАЙДЫ

Қалалық білім беру бөлімінің ұйымдастыруымен «Тынысы терең тәжірибе алаңы. Жасанды интеллект мүмкіндіктері: Инновация. Ізденіс. Өрлеу» атты қалалық тәжірибе алаңы өтті.

«Интеллект дәуіріндегі ізденіс» бөлімінде бастауыш сынып мұғалімі, п.ғ.м. Г.Иманбердиева «Smart Teacher: ЖИ арқылы шабыттанған сабақ» тақы-

## ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАРЛАРДЫҢ ӨМІР СҰРУ САПАСЫ...

Кезекті Үкімет отырысынан кейін облыс әкімінің төрағалығымен мәжіліс өтіп, инклюзивті саясатты іске асыру мәселелері талқыланды. Бұл жиындағы міндеттер бойынша қала әкімдігінде жиын өткізген шаһар басшысы Нұржан Ахатов тиісті сала жетекшілеріне бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Инклюзивті саясаттың 2025–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру, мүгедектікті белгілеу рәсімдерін цифрландыру және қолжетімді кедергісіз орта құру бүгінгі таңдағы басты мәселенің бірі. Бұл бағытта қалада жүйелі жұмыстар жүргізіліп, мүгедектігі бар адамдарды қоғам өмірінің барлық салаларына ықпалдастыру бағдарланып келеді.

Инклюзивті саясатты іске асыру тұжырымдамасындағы кешенді шаралар сапалы орындалуы керек. Сондықтан барлық жұмыстарды ашық әрі объективті түрде үйлестіріп, ақпараттық деректер базаларын интеграциялау бойынша тиянақты қызмет жасау қажет, – деді Нұржан Сәбитұлы.

Айта кету керек, инклюзивті саясатты іске асыру тұжырымдамасы – ерекше қажеттіліктері бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға, оларды әлеуметтендіруге және білім беру, жұмыспен қамту ортасына тең құқылы қатысуына бағытталған 52-ден астам кешенді шараларды қамтиды. Бұл тұжырымдама білім беруді, мүгедектікке қатысты медициналық – әлеуметтік модельден әлеуметтік – құқықтық қорғау моделіне көшуді көздейді.

## ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ - ТЕҢ МҮМКІНДІК

Білім беру саласындағы өзекті мәселелердің бірі инклюзивті оқытуды дамыту. Осы бағытта Қызылорда қаласындағы Н.Ахмедеева атындағы орта мектепте «Инклюзивті білім беру: тәжірибе, тиімді модельдер және даму перспективалары» тақырыбында облыстық семинар ұйымдастырылып, мазмұнды пікір алмасу алаңына айналды.



Аталған шара бастауыш сынып мұғалімдерінің бастамасымен өткізіліп, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қолайлы орта қалыптастыру, олардың сапалы білім алуына тең мүмкіндік жасау жолдарын талқылауға арналды. Семинарға қатысушылар инклюзивті білім берудің бүгінгі ахуалы мен келешек даму бағыттарын жан-жақты саралады.

Жиын барысында мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Айгүл Тілеубергенқызы, облыстық әдістемелік орталықтың әдіскері Гүлзат Жұмағалиқызы және №1 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (ПМПК) дефектолог маманы Толқын Сейсенбайқызы баяндама жасап, ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеудің заманауи тәсілдері, білім беру қолжетімділігі және мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпарат ұсынды.

Семинар аясында тәжірибелік бөлім де кеңінен қамтылды. Бастауыш сынып мұғалімдері мен мектеп психологы инклюзивті ортада қолданылатын тиімді оқыту модельдерімен бөлісіп, оқу үдерісінде кездесетін кедергілерді еңсеру жолдарын нақты мысалдар арқылы көрсетті. Өр баланың жеке қабілетін ашуға бағытталған әдіс-тәсілдер талқыланып, болашақтағы даму перспективалары айқындалды.

## БҰРЫҢҒЫ ӘКІМ ЖАҢАДАН САЙЛАНДЫ

Қала әкімдігінің мәжілісінде қала әкімі Нұржан Ахатов сайлау нәтижесімен халық қолдауына ие болған Белкөл кент әкімі Жасұлан Сәдуді таныстырды.



Жасұлан Хабиудуллаұлы осыған дейін де Белкөл кентін басқарды. Халықпен тығыз жұмыс жасап, тұрғындардың оң бағасын алды.

Мәжіліс отырысында қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Ғалым Баймырзаев Жасұлан Сәдуді кент әкімінің куәлігін тапсырды.

Шаһар басшысы Нұржан Ахатов жаңадан қайта сайланған кент әкіміне ардагерлер ұйымы және жергілікті қоғамдастық өкілдерімен бірлесіп жұмыс жасауды, халықпен тығыз байланыста болуды, кәсіпкерлікті дамытуды тапсырып, алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

## ТАЛАП – ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ

Қала көлемінде «Тіл тазалығы» акциясы аясында кәсіпкерлік нысандардың маңдайша жазулары, хабарландырулар, жарнама, прејискуртантар, баға көрсеткіштері, ас мәзірлері және басқа да көрнекі ақпараттарына зерделеу жұмыстары жүргізілді.

Зерделеу барысында анықталған кемшіліктер бойынша кәсіпкерлерге Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заң талаптары кеңінен түсіндіріліп, жазбаларды мемлекеттік тіл нормаларына сәйкестендіру жөнінде ұсынымдар берілді.

Акцияның басты мақсаты – қаладағы көрнекі ақпараттардың сауатты, талапқа сай рәсімделуін қамтамасыз ету және мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту.



рыбында шебер-сынып, көркем еңбек пәнінің мұғалімі, «Үздік авторлық бағдарлама-2025» облыстық байқауының жеңімпазы С.Станшашева, информатика пәнінің мұғалімі А.Анесова «Тоқыма материалдардан бұйым дайындау» тақырыбында интеграцияланған сабақ, сынып жетекшілер К.Серімбетова, Ұ.Сердалы «Отбасы – менің life balance-ым» Digital форматында тәрбие сағатын өткізді.

«Ізденіс. инновация. нәтиже» шеберлікті шыңдау алаңында М.Мәмбетова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары

«Педагогикалық идеялар фестивалі» байқауының жүлделері А.Оңғаров «Үй тапсырмасы арқылы оқушылардың математикалық білім арттыру», С.Толыбеков атындағы №31Т мектеп-лицейінің ағылшын тілі пәні мұғалімі, «Олимп шыңы» Республикалық пәндік олимпиада жеңімпазы Н.Жамалбекова «Мектептегі жасанды интеллект: мұғалім тәжірибесіндегі нақты кейстер» тақырыбында іс тәжірибелерімен бөлісті.

Тәжірибе алаңында ұстаздарға инновациялық идеялар мен ЖИ қолданудың мүмкіндіктері ұсынылды.

## ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ОЛИМПИАДАСЫ

Қызылорда қаласында білім саласының ардагері, ұлағатты ұстаз Сәден Нұртаевтың есімін ұлықтауға арналған Қазақстан тарихы пәнінен республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі ұйымдастырылды. Білім бәйгесіне шаһардағы білім беру ұйымдарының 9-10 сынып оқушылары қатысып, өзара білім мен біліктіліктерін сығна салды.

Байқаудың ерекшелігі II турдың TEDx форматында өтуі. Қатысушылар 5–7 минут ішінде бір нақты идеяға тоқталып, оны әсерлі жеткізуі тиіс. Бұл формат оқушылардың тек білімін ғана емес, ойды жүйелі жеткізу, аудиториямен байланыс орнату, сторителлинг дағдыларын да шыңдайды.

Байқау барысында қатысушылар Қазақстан тарихының түрлі кезеңдерін қамтитын күрделі тапсырмаларды орындап, өздерінің теориялық білімдерін ғана емес, логикалық ойлау қабілеттерін де көрсете білді. Өділқазылар алқасы әрбір қатысушының жұмысына жан-жақты сараптама жасап, үздіктерді анықтады.

# ТАЗА ҚАЗАҚСТАН: ТАЗАЛЫҚҚА ТАЛАП ҚАТАҢ...

Бұдан екі жыл бұрын Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен «Таза Қазақстан» жалпұлттық акциясы басталды. Содан бері әр сенбі, жексенбі, арасында бейсенбі күндері еліміз бойынша «Таза Қазақстан» акциясы өтіп келеді.

Науқан басталғалы бері айналаны жинап, сыпырып, күл-қоқысты арнайы орындарға төгіп, жер-жерде қалдықтарды өңдейтін зауыттар ашып, елді мекендерде ағаштарды өктеп, көшеттер есіп, айналаны таза ұстауды, қоршаған ортаны көгалдандыруды, қалалар мен ауылдарды абаттандыруды біраз ілгерілеттік.

Кешегі өткен аптаның сенбі күні Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың қатысуымен өткен «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясында Мемлекет басшысы өзі бас болып, экobelсенділермен бірге Астананың «Самал» саябағында ағаш отырғызды.

Өңірлермен арнайы телекөпір жасалып, Астанамен тікелей байланысқан өңір әкімдері, жауапты сала басшылары акция аясында жасалып жатқан жұмыстарды баяндады. Телекөпір арқылы Президент Қ.Тоқаевтың тазалық туралы ой-толғауын, байламын тікелей тыңдаған сенбілікке қатысушы жастар да рухтанды, өздерінің елдің дамуындағы үлесі зор маңызды іске үлес қосып жатқанын сезінді.

Сол күні Қызылорда қаласындағы Президент паркіне жиналған жастар, еріктілер, қаланың үлкен-кіші тұрғындары телекөпір арқылы Президент сөзін тыңдап, алғысын естігеннен кейін саябаққа алдын-ала дайындалған көшеттерді екті.

Облыс әкімі Н.Нәлібаев бас болып, бүкіл орынбасарлары, басқарма басшылары, ардагерлер, зиялы қауым, еріктілер мен жастарды айтпағанда, тіпті құқық қорғау орындарының басшылары да тал егу акциясына жұмыла кірісті.

## Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:

— Халқымыз ежелден «тазалық» ұғымына ерекше мән берген. Жұртымыз «таза» сөзін кең мағынада қолданады. Мысалы, арлы, ниеті түзу, адал адам туралы айтқан кезде «ары таза, ойы таза, жүрегі таза» адам деп сипаттаған. Бабаларымыз әрдайым табиғатпен етене байланыста өмір сүрген, қоршаған ортаны қорғау қастерлі міндет деп санаған. «Обал болады» деп, жас ұрпақты табиғатқа ешқандай зиян келтірмеуге үйреткен. «Бұлақ көрсең, көзін аш» деп, Жер-Анаға жанашыр жүрекпен қарауға тәрбиелеген. Міне, бүгін де тазалық ұғымы ұлтымыздың болмыс-бітіміне тән асыл қасиетке, қоғамдық мәні зор құндылыққа айналып жатыр. «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы — соның айқын көрінісі. Тазалық — өркениетті қоғамның айнасы, дамуға ұмтылған кез келген елдің мызғымас ұстанымы. Ақ пейілмен, түзу ниетпен қолға алған әрбір іс берекелі болады. «Таза Қазақстан» — дәл осындай бірегей бастама. Бұл жоба миллиондаған отаншыл азаматымыздың адал еңбегінің арқасында жалпыхалықтық қозғалысқа айналды.



## Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:

— «Таза Қазақстанның» негізгі қозғаушы күші және арқауы жастар десек, артық болмайды. Ұл-қыздарымыз ортақ іске белсене атсалысып, жауапкершіліктің тамаша үлгісін көрсетіп жүр. Бүгінгі маңызды іс-шараға жасампаз әрі жаңашыл жастар қатысып отыр. Еліміздің жарқын болашағы — сіздер сияқты рухы мықты, отаншыл, ерік-жігері күшті азаматтардың қолында. Түптеп келгенде, біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Барымыз да, басты байлығымыз да — қастерлі Отанымыз Қазақстан. Сондықтан қасиетті жеріміздің, киелі еліміздің Озық, Қауіпсіз, Күшті әрі Таза болғаны тек бізге ғана керек. Осыны дұрыс түсінген абзал. Бұл жобаның түпкі мәні — табиғатты аялау, тазалық пен тәртіпті дәріптеу, саналы ұрпақ тәрбиелеп, сапалы ұлт қалыптастыру.



**ЖАЛАҒАШ.** Жалпұлттық бастамаға жалағаштықтар да белсенді атсалысты. Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың бақылауымен кент және барлық елді мекендерде санитарлық тазалық және ағаш отырғызу жұмыстары жүргізілді.



Акция барысында көшелер, аулалар, қоғамдық орындар мен саябақтар тазартылып, қоқыстар шығарылды. Белгіленген аумақтарға ағаш көшеттері отырғызылып, жасыл желекті көбейту жұмыстары қолға алынды.

Тазалық шарасына мекеме қызметкерлері, еріктілер, жастар және жергілікті тұрғындар белсенді қатысты.



**ҚАРМАҚШЫ.** Жалпұлттық бастамаға Қармақшы ауданы да ауызбіршілікпен атсалысып, аудан әкімі Жандос Еркінбектің тікелей бақылауымен ауқымды тазалық жұмыстары жүргізілді. Аудан көлеміндегі 2 кент және 12 ауылдық округтің барлығында сенбілік ұйымдастырылып, тұрғындар белсенділік танытты.

Сенбілікке бөлім, мекеме қызметкерлері, білім беру ұйымдары, жастар, еріктілер және аудан тұрғындары жұмыла қатысып, белгіленген аумақтарда тазалық жұмыстарын жүргізді. Орталық көшелер мен қоғамдық орындар, саябақтар мен арықтар тазаланып, ретсіз өскен арам шөптер де жұлынды. Сонымен қатар ағаштарды өктеу, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары қатар жүргізілді. Жиналған қоқыс қалдықтары арнайы техникалардың көмегімен арнайы орындарға шығарылды.

**АРАЛ** ауданы әкімінің міндетін атқарушы Шерхан Есжанов қала әкімі Б.Ұзақовпен бірге Арал қаласында тазалықты қамтамасыз ету мақсатында бірқатар көшелер мен көпшілік орындарды аралап, қаланың тазалығына байланысты жан-жақты зерделеу жұмыстарын жүргізді. Алдымен қала кіреберісіндегі қапқа маңындағы абаттандыру жұмыстары қаралып, оның баяу жүріп жатқаны үшін жауаптыларға қатаң ескерту берілді. Тапсырмаларды уақытында орындамағандарға тиісті шаралар қолданылатыны айтылды.

Қала ішін аралау барысында көшелерде ұзақ уақыттан бері жиналып тұрған қоқыстар анықталып, тазалық жұмыстарының жеткіліксіз деңгейде жүргізіліп жатқаны сынға алынды. Кейбір көше бойындағы үйілген қоқыстардың қанша уақыт өтсе де ретке келмегенін көрген аудан әкімінің орынбасары қала әкіміне ескерту жасап, Арал қаласы бойынша тазалық жұмыстары өлі де өз деңгейінде жүргізілмей келе жатқанын атап өтті.

Ал кейбір көше бойындағы көріністер қала тұрғындарының тазалық мәдениетіне деген көзқарастары өлі де төмен екенін байқатты. Мұны қаланың кейбір талапшыл тұрғындары да растап отыр. Мәселен, қаланың Шанхай мөлтек ауданында



орналасқан орыс қорым атанып кеткен аумақтың іші де, сырты да толған қоқыс екені көзге алыстан байқалып тұр.

Тазаланған аумақтың көзді ала бере лезде қоқысқа толып қалатыны бұған дейін де белгілі болған. Мұны сол маңда тұратын Алматы көшесінің тұрғыны да растады. Мән-жайға қаныққан аудан әкімінің міндетін атқарушы Ш.Есжанов қала әкіміне қоқыстар жиі төгілетін аумақтарға жылдам басқарылып, заңбұзушылықты анықтайтын бейнебақылау қондырғыларын орнатуды қолға алу жөнінде тапсырма берді. Сол арқылы қоқыс тастаушы тұлғалар анықталып, әкімшілік хаттамаға сай ірі көлемдегі айыппұлдар салынатын болады.

Мұнан өзге қала көшелеріндегі жол және жұмыстарының барысымен танысып, мердігер мекеме өкілдерімен тілдесу барысында жұмыстардың барлығын сапалы жүргізу жөнінде бірқатар тапсырмалар жүктелді.

Қаланың басқа аймақтарында да мұндай жағдайларды болдырмау мақсатында арнайы шаралар қабылданатын болады.

## ШИЕЛІ ауданында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында кең көлемді сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды.

Аудан әкімі Айтбай Жандарбеков экология мен санитарлық тазалық мәселелерін әрдайым басты назарда ұстап, бұл бағыттағы жұмыстардың жүйелі жүргізілуіне ерекше мән беріп келеді. Аудан басшысының тапсырмасына сәйкес аудан аумағында абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалықты сақтау бағытындағы жұмыстар тұрақты түрде жүзеге асырылуда.

Сенбілікке аудан орталығы мен барлық ауылдық округтердің тұрғындары, дербес бөлім қызметкерлері, білім беру және денсаулық сақтау мекемелерінің ұжымдары, жастар ұйымдары мен еріктілер жұмыла қатысып, көшелер мен қоғамдық орындарды тазарту жұмыстарын қарқынды жүргізді. Сонымен қатар ағаш көшеттері отырғызылып, жасыл желекті көбейтуге айрықша көңіл бөлінді.

Мұндай игі шаралар тұрғындардың қоршаған ортаға деген



жауапкершілігін арттыруға, ауданның санитарлық тазалығын қамтамасыз етуге және өңірдің көркеюіне оң ықпал етуде.

«Таза Қазақстан» акциясы аясындағы тазалық және абаттандыру шаралары алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғасын тауып, аудан тұрғындарын ортақ іске белсене атсалысуға шақыру жұмыстары жүргізіле береді.

## ҚАЗАЛЫ. «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында жаппай сенбілік өтті. Экологиялық акцияға қазалылықтар белсенді атсалысып, туған жердің тазалығына өз үлестерін қосты.

Аудан орталығында ұйымдастырылған тазалық жұмыстары барысында Әйтеке би кентінің кіреберіс қақпасынан басталатын жасыл белдеуге ағаш көшеттерін отырғызу, Әйтеке би кенті мен Басықара ауылының аралығындағы автожолбойын, 5 квартал аймағындағы Қарамайкөл аумағын, кенттің ішкі көшелерін тазалау жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар кент ішіндегі аяқ су арықтарына су жіберу жұмыстары да қарқын алды.

Аталған жұмыстарды аудан әкімі Алмасбек Есмаханов аралап көріп, тазалық акциясына мекеме-ұжым қызметкерлерімен бірге өз үлесін қосты.

Аудан бойынша өткен сенбілік жұмыстарына барлығы 132 мекемеден 1 426 адам, 18 техника жұмылдырылды. 2500-ге жуық ағаш отырғызылып, полигондарға 14,5 тонна қоқыс шығарылды.



**СЫРДАРІЯ.** Аудан әкімі Берік Сәрменбаевтың қатысуымен «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында тал егу іс-шарасы өтті. Игі шараға мекеме қызметкерлері, аудан тұрғындары мен еріктілер белсене атсалысты.



Акцияға қатысушылар белгіленген аумақта бірлесіп тал көшеттерін отырғызып, көгалдандыру жұмыстарын жүргізді. Жалпы саны 1000 түп көшет егілді.

Бұл бастама ауданның көркейіп, экологиялық мәдениеттің қалыптасуына және тұрғындар үшін таза әрі қолайлы орта қалыптастыруға өз үлесін қосады.

Алдағы уақытта да осындай экологиялық бағыттағы шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылып, аудан аумағында көгалдандыру жұмыстары қарқын ала береді.

Аудан тұрғындарын қоршаған ортаны таза ұстап, көркейту-көгалдандыру жұмыстарына үлес қосуға шақырамыз!